

**Білім сапасында жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мен
үлгімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарының құрылуы туралы
анықтама
Қыркүйек, 2023 ж**

Мақсаты: Оқушыларының білім алу деңгейін, білім алу дағдысы мен біліктілігін арттыру, оқу процесінің сапасын жақсарту

Қыркүйек айының 1- аптасында білім сапасында жіберілген олқылықтардың орнын толтыру және жаңа оқу жылындағы бағдарламалық мақсаттардың меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша «Білім сапасында жіберілген олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру» жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Өткен оқу жылындағы пәндердің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша 2-11 сыныптарда негізгі пәндерден мектеп әкімшілігі тарапынан нөлдік бақылау жұмыстары алынды.

Пәндер бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын әр пән мұғалімдері құрып, пән мұғалімдері білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Оқу бағдарламасы негізінде білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында күрделі оқу мақсаттарын кіріктіріп, сабақ жоспарлау ұсынылады. Ол үшін мұғалім оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан диагностикалық бақылау жұмыстары алынап, тоқсанның аяғында диагностикалық бақылаулар алынып, салыстырмалы мониторинг жүргізілуде.

Пәндер бойынша пән мұғалімдері аптасына бір рет білімінде жіберілген кемшіліктердің орнын толтыру үшін анықталған сынып оқушыларымен әр түрлі тапсырмалар орындату арқылы жұмыстар жүргізіп отырады. Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасалынды.

Ұсыныс:

- 1) пәнді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін (*саралап оқыту, кейс-стади, тақырыптық талқылау, іскерлік ойын, жобалық және зерттеу жұмыстары, модульдік оқыту және т.б.*) қолдану;
- 2) білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін әзірлеу және талдау жұмысын жоспарлау;
- 3) білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жүзеге асырылған оқу мақсаттарын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда ескеру;
- 4) БЖБ, ТЖБ нәтижелері негізінде білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және талдау;

**Халықаралық зерттеулерге қатысу дайындығы
туралы анықтама**

Қазан, 2023 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, мектеп директорының 01.09.2023ж №172-ө бұйрығы негізінде, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша бақылау жүргізілді.

Бақылау мақсаты:

Халықаралық зерттеулерге қатысу дайындығы, МОДО

TIMSS 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының математикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасын мониторингтік зерттеу. TIMSS тәуелсіз халықаралық зерттеу болып табылады және төрт жылдың ішінде бір рет өткізіледі. Бағалауға қатысатын баланың жасы 15 жас 3 айдан – 16 жас 2 ай аралығында болуы тиіс. Сонымен қатар, қай сынып оқығаны маңызды емес. «Зерттеудің мақсаты – бастауыш және негізгі мектеп оқушыларының жаратылыстану және математикалық дайындығының сапасын бағалау. Зерттеуге төртінші және сегізінші сынып оқушылары, мектеп әкімшілігі, математика және жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері, төртінші сынып оқушыларының ата-аналары қатысады. Оқушылар тестілеу мен сауалнамадан өтеді. Ата-аналар, әкімшілік және мұғалімдер арасында сауалнама жүргізіледі. TIMSS зерттеуі 2023 жылдан бастап компьютерлік форматта өткізіледі.

ББЖМ-ның қатысушылары 4 және 9 сынып оқушылары. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына сәйкес ББЖМ жыл сайын уәкілетті орган айқындайтын үлгі бойынша жүзеге асырылады. Мысалы, мониторингке үйде денсаулығына байланысты немесе ұзақ емделуге мұқтаж балаларға, сондай-ақ тестілеу сәтінде белгілі себептермен жоқ тұлғалардан басқа барлық оқушылар қатысады.

Мониторинг білім алушыларды сауаттылықтың үш бағыты бойынша тестілеуден тұрады: оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми. Тест тапсырмаларының саны, мазмұны мен нысаны, сондай-ақ тестілеуге бөлінетін сағаттар саны МЖМБС сәйкес тесттің ерекшелігімен айқындалады.

Іс-шаралар жоспары жасалып, зерттеулерге қатысатын оқушылар тізімі анықталды. Пән мұғалімдері мен ата-аналардың бірлескен жиыны өткізілді. Пән мұғалімдері пәндер бойынша тапсырмалар материалдарының базасын құрып, жинақталды. Оқушыларды жауап карталарын дұрыс толтыруға және уақытты тиімді пайдалануға үйретуде түсініктер берілді. Мектеп психологі оқушыларымен психологиялық тренинг өткізіп, сауалнама алынды.

Мектепте 4 сыныпта 26 оқушы, 9 сыныптарда 31 оқушы бар. ББЖМ-ға дайындық сабақтар кестесі қойылған. Сонымен қатар, информатика пәні мұғалімдері, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері оқушыларды ноутбукпен, компьютермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруда қосымша дайындық сабақтарын жүргізуде.

4 сынып оқушылары оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды салыстырмалы түрде дұрыс орындағанын көрсетіп тұр. Жалпы орташа балл максималды 10 балдан 6,03 құрады, бұл тапсырмаларды орындаудың 60,0%-на тең. Ал, математика (ең жоғары 12 балдан 6,38 балл) және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы (ең жоғары 8 балдан 4,46 балл) бойынша төмен нәтиже көрсетті.

**Тәлімгерлік жүйесі қызметінің тиімділігі
туралы анықтама
Қыркүйек, 2023 жыл**

2023-2024 оқу жылында мектепте 8 жас маман бар, оның 2-і жоғары оқу орнын кейін қабылданды.

№	Аты-жөні, тегі (толық)	Туған жылы күні	Бітірген оқу орны, жылы	Маманд.	Пед өтілі	Санаты
1	Тәттібекова Айман Бейсебайқызы	09.05.1992	ЖГУ 2013	физика	0,8	педагог
2	Қаирбергенова Анель Алтайқызы	05.05.2001	КазНУ 2022	Математика	1	педагог
3	Ерсайн Айбек Бекболатұлы	02.04.2002	АГУ 2023	Математика	0	педагог
4	Усманов Еламан Женисович	16.11.1998	ЖГУ2023 магистр	тарих пәні мұғалімі	0	педагог
5	Көкежанов Әлібек Қайратұлы	04.08.2000	ЖГУ 2021	информатик	2	сж
6	Қаниятов Ғалымбек Бедешұлы	24.08.1999	Семей, Шәкәрім ат.унив.2023	дене шынықтыру	2	сж
7	Құсаинова Әдемі Тасқынқызы	05.10.2001	Ә.Бөкейханов ат. Университеті	Психология	1	педагог
8	Калелова Анар	23.07.1996	ЖГУ	ағылшын тілі мұғалімі	0	сж

Мектеп директорының 01.09.2023ж №164-ө бұйрығы негізінде жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді, оның ішінде, 2-і ақылы.

1. Усманов Е - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Рахимова, педагог-зерттеуші
2. Ерсайн А - орыс тілі пәні мұғалімі К.Т.Ильясова, педагог- зерттеуші

Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы таныстырылды. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібі, қойылатын талаптар түсіндірілді.

**Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі туралы
анықтама
Қыркүйек, 2023 жыл**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығы негізінде мектепте «2023 жылға арналған педагогтерді аттестаттау тәртібі» тақырыбында әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, аттестаттауды өткізу, біліктілік бағалауын өткізу, мемлекеттік қызмет көрсету, педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау), педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру, ПББ өткізу, эссе жазу тәртіптерімен таныстырылды. Сондай-ақ, педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес қосымша нысандарыда көрсетілді. Ұжымдағы барлық педагогтер аттестаттау тәртібімен танысып, өз сұрақтарына жауап алды. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспармен таныстырылды.

**Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен
үйден оқыту бойынша құжаттарды реттеу туралы
анықтама
Қыркүйек, 2023 жыл**

Мектепшілік бақылауды 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес, 04.09.2023ж №194-ө бұйрығы негізінде ерекше білім беруді қамтамасыз ететін /арнайы сынып/ оқушылары, үйден оқытылатын баланы оқыту мен тәрбиелеу бойынша құжаттары тексерілді.

2023 жылдың қыркүйек айының 1-нен бастап «Жетісу облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Үшарал қаласының №4 ОПМПК» КММ №320, 17.05.2023ж қорытындысы ; 29.03.2017 жылы туған Биназар Әлижан Нүсіпбекұлы /диагнозы: Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи – 2 уровня/ ; 20.12.2016 жылы туған Маулет Абылай Бекболұлы / Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи – 1 уровня/ ; №324, 17.05.2023ж қорытындысы ; 02.10.2015 жылы туған Советқажы Айсұлтан Дидарұлы / Задержка психического развития/ №323 17.05.2023ж қорытындысы ; 17.02.2016 жылы туған Қанатбек Амир Үсенұлы / Задержка психического развития. Общее недоразвитие речи – 1 уровня / №322 қорытындысы; 26.03.2015ж №388 Нүсіпбекұлы Айзат /Легкие нарушения интеллекта. Нарушение поведения. Общее недоразвитие речи – 2 уровня / №448 16.08.2023ж қорытындысы негізінде, жалпы бағдарламамен арнайы сыныпта /2 сынып/ оқытылады.

Аудандық білім бөлімінің 31.08. 2023 ж № 611-Ө бұйрығына сәйкес, түзете-дамыту сыныбының оқу жоспары /2023 ж 18 тамыз №264 бұйрық

4-қосымша / бойынша сабақ кестесі бекітіліп, төмендегі пән мұғалімдеріне апталық сағаттары жүктелді:

№	Пән атаулары	Сағат саны	Пән мұғалімі
I	Тіл және әдебиет	9	
2	Қазақ тілі	4	Тыржанова З
3	Әдебиеттік оқу	3	
4	Орыс тілі	2	
5	Ағылшын тілі	-	
II	Математика	5	
6	Математика	4	
7	Цифрлық сауаттылық	1	
III	Жаратылыстану	1	
8	Жаратылыстану	1	
IV	Адам және қоғам	1	
9	Дүниетану	1	
V	Технология және өнер	3	
10	Еңбекке баулу	1	Джакаев А.К.
11	Бейнелеу өнері	1	
12	Музыка	1	
VI	Дене шынықтыру	3	
13	Дене шынықтыру	3	Азимханов А
Инварианттық оқу жүктемесі		22	
Вариативті компонент			
Таңдауы бойынша сабақтар		1	Тыржанова З
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		23	
Түзету компоненті			
Түзету ырғағы /таңдау пәні/		1	Джакаев А.К.
Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету /жеке сабақтар/ /таңдау пәні/		3	Туиешина А
Білімдерінде жетіспеушілігін жетілдіруге арналған жеке түзету сабақтары:		4	Тыржанова З
Логикалық математика		2	2
Көркем жазу		2	2
Түзете оқыту жүктемесі		8	8
Барлығы		31	31

Апталық сабақ кестесі мектеп директорымен келісе отырып бекітілген, талапқа сай құрылған. Сынып оқушылары І-кезекте оқиды.

Күніне 5-6 сабақтан қойылған. Вариативті компоненттен берілген таңдауы бойынша сабақтар, түзету сабақтары ІІ-кезекке қойылған. Сыныптың оқу кабинеті 1 қабатта орналасқан. Кабинет жабдықталған, нормативтік құжаттарды толықтыруды қажет етеді. Пән мұғалімдеріне күнтізбелік жоспарды құрастыру, күнделікті сабақ жоспарын жазуда әдістемелік көмек көрсетілді.

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» «Алакөл аудандық орталық ауруханасы» МКК дәрігерлік -консультациялық комиссияның 22.05.2023ж №000000238 қорытындысы, диагнозы : эпилепсия;

«Жетісу облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Үшарал қаласының №4 ОПМПК» КММ» №288 қорытындысы негізінде , 21.12.2009 ж туған Қайтыкен Бағжан Қуанышұлы арнайы оқу бағдарламасы бойынша /8 сынып/ үйден оқытылатыны анықталды.

Қабылданған бұйрыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бекіткен оқу жоспары /2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 9-қосымша/ негізінде оқушының оқитын пәндері, пән мұғалімдері және сағат сандары белгіленді.

Тіл және әдебиет		4	
1	қазақ тілі	2	Сатбаева М
2	оқу және тіл дамыту	1	
3	орыс тілі мен орыс әдебиеті		Касымжанова А
4	математика	2	Басбакова Ж
5	Жаратылыстану	0,5	Ахмадиева Л
6	География	0,5	
7	Қазақстан тарихы	0,5	Усманов Е
8	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау		Сатбаева М
Жеке дамыту сабақтары		2	
Түзету оқу жүктемесі		2	Туиешинова А
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		10	

Апталық сабақ кестесі мектеп директоры және ата-анасымен келісе отырып бекітіліп, талапқа сай құрылды. Сабақ I-кезекте өтіледі. Күніне 2-3 сабақтан қойылған. Пән мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары бекітілген.

Мектеп психологі, әлеуметтік-педагог, дефектолог мамандардың үйден оқытылатын баламен жұмыс кестесі, жұмыс жоспары бекітілген. Сонымен қатар баламен логопедиялық жұмыстар жүргізіледі.

Ұсыныс:

1. Күнделікті сабақ жоспарын талапқа сай дайындау
2. Сабақта балалардың қызығушылығын арттыруда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану

Пән кабинеттерінің жұмыс жоспарларының құрылуы туралы анықтама

2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, мектеп директорының 31.08.2023ж №130/1-ө бұйрығы негізінде, пән кабинеттерінің жұмыс жоспарлары, сынып кабинеттерінің материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік көрнекіліктермен жабдыкталуы,

санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан тексеру болды.

Еліміздің алдында тұрған басты мәселелерінің бірі – заман талабына сай білімді ұрпақ қалыптастыру, бұл жолда өркениеттің өріне шығаратын алғашқы баспалдақтың мектеп екені анық. Сондықтанда мектепте оқу кабинеттері белгілі талаптарға сәйкес болуы керек. Мектепте жалпы 18 кабинет, акт залы, спорт зал бар. Оның 8 кабинеті паспорттаудан өткен.

Олар:

1. Бастауыш сыныптың 4 кабинеті;
2. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті
3. Математика кабинеті
4. Ағылшын тілі кабинеті
5. Орыс тілі кабинеті

Оқу бөлмелерін жабдықтаған кезде төменде көрсетілген аралықтар сақталуы керек: екі орында столдардың қатарларының аралығы - 60см төмен емес; столдар қатары мен сыртқы қабырғаның аралығы - 50-70см; столдар қатары мен ішкі қабырғаның (немесе сол қабырғада орналасқан шкафтардан) аралығы - 50-70см; ең артқы столдан қабырғаға дейін, қарсысындағы сынып тақтасына дейінгі аралық - 70см; бірінші партадан, оқу тақтасына дейін - 2,4-2,2м кем болмауы керек.

Кабинеттерді тексеру барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

1. Барлық кабинеттерде нормативтік-құқықтық құжаттар ауыстырылмаған;
2. Сабақта қолданатын картотекалар ескірген, жаңартуды қажет етеді;
3. Кабинет паспорттары жаңартылмаған
4. Қабырға стендтерін жаңартуды қажет етеді;

Ұсыныс:

1. Пән кабинеттерін санитарлық талапқа сай безендіру
2. Кабинет паспорттарын дайындау
3. жинақ құжаттарды ретке келтіру

**Пән бірлестік жетекшілері жоспарларының құрылуы
туралы анықтама
Тамыз, 2023 ж**

2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, мектеп директорының 31.08.2023ж №130/1-ө бұйрығы негізінде, пән бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспарларының құрылу сапасы қаралды:

«Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы

№ 253 бұйрығы, 4- тарау негізінде пәндер бойынша 5 пән бірлестіктері құрылып, мектеп директорының бұйрығымен бірлестік жетекшілері тағайындалды.

№	Бірлестіктер	Бірлестік жетекшісі	Біліктілік санаты	Пәні
1	Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі	Тлеубердиева Г.Т.	Педагог-зерттеуші	Қазақ тілі мен әдебиеті
2	Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігі	Ахмадиева Л.У.	Педагог-сарапшы	География
3	Орыс тілі, ағылшын тілі бірлестігі	Ильясова К.Т.	Педагог-зерттеуші	Орыс тілі мен әдебиеті
4	Бастауыш сынып бірлестігі	Байкисенова К.И.	Педагог-арапшы	Бастауыш сынып мұғалімі
5	Дене шынықтыру, музыка, АӘЖТД, көркем еңбек пәндер бірлестігі	Джакаев А.К.	Педагог-сарапшы	Дене шынықтыру

Әдістемелік бірлестіктің жұмысы мұғалімнің кәсіби потенциалын тиімді қолдану және тиісті оқу пәндерінің оқыту әдісін жетілдіруді үйлестіріп дамыту және осының негізінде – білім беру үдерісін жақсарту. Әдістемелік бірлестіктің қалыпты жұмыс жүргізуі үшін келесі құжаттар болуы тиіс:

1. Әдістемелік бірлестіктің құрылуы, әдістемелік бірлестік жетекшісін тағайындау туралы бұйрық.
2. Әдістемелік бірлестік туралы ереже.
3. Әдістемелік бірлестіктегі мұғалімдердің қызметтік міндеттері.
4. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстың талдауы.
5. Әдістемелік жұмыс тақырыбы, оның мақсаты, басым бағыттары мен жаңа оқу жылындағы міндеттері.
6. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары.
7. Әдістемелік бірлестік мұғалімдері сандық және сапалық құрамы (туған күні, жылы, білімі, мамандығы, жалпы өтілі, марапаттаулары, тұрағы, телефоны).
8. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің өз білімін көтеру, іздену тақырыптары.
9. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерін аттестациялау жоспары (5 жылға)
10. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің аттестациядан өтудің перспективалық жоспары (1 жылға)
11. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің білімін жетілдіру курстарынан өту кестесі
12. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің өткізетін ашық сабақтарының кестесі
13. Әдістемелік апталық, онкүндікті өткізу жоспары

14. Әдістемелік бірлестіктегі кеңестер, конференциялар, семинарлар, дөңгелек столдар, шығармашылық есептер, іскерлік ойындарды жүргізу кестесі
15. Бағдарламалар (әр пән бойынша ҚБА бекіткен бағдарламалар мен факультативтер, үйірмелер бағдарламалары)
16. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау (әр пән, факультативтік сабақтар мен пәндік үйірмелер бойынша)
17. Әдістемелік бірлестіктегі жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары
18. Әдістемелік бірлестік отырысының хаттамалары

ӘБ жетекшілерінің жиынында ӘБ жоспарлары мен бірлестік отырысының жоспары талапқа сай құрылуы, құжаттардың жинақталуы туралы әдістемелік кеңес берілді.

Әдістемелік пән бірлестік жетекшілерінің жұмыс жоспары бір жылға құрылып, мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

Жұмыс жоспарын құруда төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- бірлестік мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысу кестесі көрсетілмеген;
- Оқу –тәрбие процесінде нормативтік құжаттар мен озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, іс жүзіне асыру бойынша іс-шаралар алынбаған;
- Мұғалімдер аттестациясының перспективалық жоспары нақты көрсетілмеген;

Ұсыныс:

1. Өзара сабаққа қатысу кестесін құру
2. Озат іс-тәжірибе тарау жұмыстарын ұйымдастыру
3. Мұғалімдер аттестациясының перспективалық жоспарын жасау

**Оқу жұмыс жоспарының Үлгілік оқу жоспарына
сәйкестігі туралы анықтама
Тамыз, 2023 жыл**

2023-2024 оқу жылында мектепте білім беру процесін іске асыру кезінде келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылуда:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын үлгілік оқу жоспарлары таңдап алынды, оның ішінде:

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 4-қосымшасы /арнайы сынып/

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 9-қосымша /үйден оқыту/;

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша:

10 сынып: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің /төмендетілген оқу жүктемесімен/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 21-қосымша;

10 сынып: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің /төмендетілген оқу жүктемесімен/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 22-қосымша;

11 сынып: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің /төмендетілген оқу жүктемесімен/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 21-қосымша;

11 сынып: жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің /төмендетілген оқу жүктемесімен/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 22-қосымша;

I-тоқсан қорытындысы бойынша білім

сапасына талдау

Қазан, 2023 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, мектепте І-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасына талдау жасалынды. І-тоқсан 340 оқушымен басталды. І-тоқсан бойынша 3 бала келіп, 17 бала басқа мектептерге ауысты. Мектепте 2 даярлық тобы бар, онда 28 бала тәрбиеленуде. 1-11 сыныптар аралығында 21 сынып - комплектісі бар. І - тоқсан аяғында **326 оқушы**, **154-і ұл**, **172-сі қыз** бала. Оның ішінде: 1-4 сыныптарда – **123 оқушы**, 59 ұл, 64-і қыз бала. 5-9 сыныптарда - **155**, 75 ұл, 80 қыз, 10-11 сыныптарда **48 оқушы**, 20 ұл, 28 қыз. Оқу озаты – **45**, оқу екпіндісі – **136**.

1-4 сыныптарда білім сапасы – **65,3%, -0,7%;**

5-9 сыныптарда – **60,6%, +2,1% көтерілген;**

10 -11 сыныптарда аралығында білім сапасы – **62,5%, +7,5%**

І-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы **61,1% құрады.**
Өткен оқу жылымен салыстырғанда **-4,9%** төмендеген.

Төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар анықталып, салыстырмалы мониторинг жасалынды. Атап айтқанда:

Сынып	IV-тоқсан 2022-2023	I-тоқсан 2023-2024	Айырмашылығы: -4,9%
2a	70,5	64,2	
2б	64,7	62,5	
3a	69	68,7	-0,3
3б	68	61,0	-7
4a	66,6	65,3	-1,3
5a	55,5	60,0	5
5б	63	56,2	-6,8
6a	55	62,5	7
6б	71	66,6	-5
7a	65	60,0	-5
7б	62,5	61,0	-1,5
8a	62,5	60,0	-2,5
9a	56	60,0	4
9б	62	62,5	0,5
10a	60	63,6	3,6
10б	53,3	54,0	0,7
11a	50	70,0	20
11б	66,6	57,0	-9,6
1-11	66,0	61,1	-4,9

Пәндер бойынша білім сапасы төмен сыныптар анықталды:

1. Қазақстан тарихы, пән мұғалімі О.Зейнелғабдылов. 8 сынып, білім сапасы – 58,0%
2. Физика, пән мұғалімі А.Тәттібекова. 8 сынып, білім сапасы – 58,0%;
11 б сынып - 57%

Ұсыныс:

1. Білім сапасын төмен көрсеткен – 10б, 5б сыныптарын мектепшілік бақылауға қою;
2. Физика, қазақстан тарихы пәндерін пәндік бақылауға алу;

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасы туралы тақырыптық тексеру анықтамасы қараша, 2022 жыл

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасы бойынша пән мұғалімдерінің күнделікті қысқа мерзімді жоспарлары сабақ басталғанға дейін қаралып, түрлі кеңестер беріледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде пәндер бойынша күнделікті қысқа мерзімді жоспар құру кестесіне сәйкес алынады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, оқушыға арнап құрылған күнделікті сабақ жоспарының формасы немесе үлгісі. Яғни, Қысқа мерзімді жоспар – жеке, дербес сабақ жоспары болып табылады.

Мақсат қоя білу, міндеттерді белгілеу, күтілетін нәтиже, модульдерді қолдану, сабақтың барысы, мұғалімнің іс-әрекеті, оқушының іс-әрекеті, бағалау және рефлексия бөлімдері бойынша мұғалімнің жұмысын бағалау ұсынылады. Сабақтың басты міндеті — оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады.

Мектеп мұғалімдерінің сабағына қатысу барысында, біріншіден Қысқа мерзімді жоспарлары қаралады. Жоспардағы оқу мақсаты мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант екенін түсіндіре отырып, оқу мақсаттары оқу бағдарламасы (ҰМЖ) негізінде құрастырылған күнтізбелік-тақырыптық жоспардан алынып, күнделікті сабақта сабақ мақсатын мұғалім өзі шығарады. Сонымен қатар, күнделікті қысқа мерзімді жоспарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға сабақтың мақсаты көрсетілуі тиіс.

А. Саябаеваның сабақтарына қатысуда, күнделікті сабақ жоспарында оқу мақсаттары берілгенімен, сабақ мақсатын көрсетілмегені анықталды. Сабақ мақсатына сай келмейтін тапсырмалар орындатуды жоспарлағаны көрінді. Ал жас маман Зейнелғабдылов О, 1 сынып мұғалімі Қ.Байкисенова, биология пәнінің мұғалімі Смакова Р, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Мустапова А

сабақтарында оқу мақсаттарынан, сабақ мақсаттары айқындалып, соған дескриптор құрастырылғанын көруге болады.

Мұғалімдерге кеңестер беріліп, оқу мақсаттарын сабақ мақсаттарына айналдыра отырып, сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі екені түсіндірілді. Сабақ мақсаты оқушының сабақта не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау не үйренетіндігіне болжау жасайды. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұнда мұғалім ҰМЖ-да оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады. Оқу мақсаттары алдымен сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады. Сабақ мақсатын құруда барлығы, кейбір оқушылар деген сөздерді қолдану, қолданбау мұғалімнің өз еркінде. Себебі, мұғалім мақсатқа жету үшін дескриптор, тапсырманы орындау қадамдарын құрастырса болады. Оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді. Сонымен бірге мұнда саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс деп есептелінеді. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруда мынаны негізге алса болады:

- сабақтың тақырыбын анықтау;
- әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары бойынша түрлі жұмыс түрлерін дайындау;
- төрт дағдыны қалыптастыру үшін ұсынылатын оқу материалдарымен ресурстарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу;
- уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
- жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
- сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Міне, сабақтың жоспарын осы сұрақтарға жауап беретіндей етіп және сабақ құрудың жоғарыдағы міндеттерін ескере отырып жоспарласақ, нәтижеге жетеміз. Әрине, саралау бойынша оқушыларға қолдау көрсетіп, әр тапсырманы орындау алгоритмін ұсынуға болады. Бұның барлығы мұғалімнің шығармашылығы мен іскерлігіне байланысты болмақ. ҚМЖ -

мұғалім айнасы, мұғалім жұмысының көрінісі. Сауатты құрылған ҚМЖ сабақ нәтижесіне жетер жетістіктің іргетасы.

Математика, физика және информатика пәндері бойынша олқылықтарды жою жұмыстарының жүргізілуі туралы анықтама
«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 14.11-24.11 күні аралығында математика, физика және информатика пәндері бойынша олқылықтарды жою жұмыстарының жүргізілуін бақылау үшін пәндік-жинақтық зерделеу жүргізілді. Мақсаты- қиындық тудыратын тақырыптар бойынша оқу мақсаттарының орындалуын бақылау

Салкеева Ш.Р - математика пәнінің мұғалімі, педагогикалық еңбек өтілі – 8 жыл, білімі жоғары, жалпы жүктеме сағаты – 38.

Математика пәні бойынша олқылықтарды жою жұмыстарының 5-11 сыныптарға арналған жылдық жұмыс жоспары құрылған. Жоспарға сәйкес білім олқылықтарын жою мақсатындағы жұмыс жүргізілген. Кіріспе бақылау алынған, талдау, мониторинг жасалған. Ең төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың тізімі бар. Қайта бақылау тест алынған, салыстырмалы талдау жасалған. Күнделікті тақырыптарға сәйкес сабақ үстінде және түстен кейінгі уақытта олқылықтарды жою бойынша жұмыстарды жүргізіліп жатыр.

Байжукенова А.К - информатика пәнінің мұғалімі, педагогикалық еңбек өтілі 10 жыл, білімі жоғары, жалпы жүктеме сағаты – 15,5 сағат.

Білім олқылықтарын жою мақсатындағы жұмыс жүргізілген. Кіріспе бақылау алынған, талдау жасалмаған. Ең төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың тізімі бар. Қайта бақылау тест алынған, салыстырмалы талдау жасалмаған.

Усманова И.Ж – физика пәнінің мұғалімі, педагогикалық еңбек өтілі 9 жыл, білімі жоғары, жүктеме сағаты – 8 сағат.

Білім олқылықтарын жою мақсатындағы жұмыс жүргізілген. Кіріспе бақылау алынған, толық талдау, мониторинг жасалған. Білім саласындағы олқылықтармен жұмыстағы жоспарға 34 сағатқа, әр сыныпқа жасалған. Ең төмен нәтиже көрсеткен оқушылардың тізімі бар. Қайта бақылау тест алынған, салыстырмалы талдау жасалған.

Ұсыныстар:

1. Білім саласындағы олқылықтар бойынша жоспарға толықтыру еңгізілсін.

2. Оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын жалғастыру.

**106 сыныбына жалпылама-сыныптық
бақылау бойынша анықтама
қараша, 2022 жыл**

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру жоспарына негізінде, №250-ө бұйрығына сәйкес, 106 сыныбында 21.11-25.11.2022ж күндері аралығында пәндік-жинақтық бақылау ұйымдастырылды.

Негізгі орта білім беру деңгейін аяқтаған оқушылар, жалпы орта білім беру деңгейіне көшті. Бұл оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

10 сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша 2 сыныпқа бөлінген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта /төмендетілген мазмұнның/ үлгілік оқу жоспары /ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығы 30,31-қосымшасы/ алынған.

Қоғамдық гуманитарлық бағытта:

1. Инварианттық компонент - 29 сағат
2. Вариативтік компонент: Жаһандық құзыреттілік /Кәсіпкерлік және бизнес негіздері/ - 1 сағат
3. Элективті курстар – 7 сағат бөлінген.

Жаратылыстану-математикалық бағытта:

1. Инварианттық компонент - 33 сағат
2. Вариативтік компонент: Жаһандық құзыреттілік /Кәсіпкерлік және бизнес негіздері/ - 1 сағат
3. Элективті курстар – 3 сағат бөлінген.

Оқушылардың екі бағыт бойынша бейімделуі, сабаққа қызығушылықтарын байқау мақсатында мектеп әкімшілігі 15 сабаққа қатысты. Сабаққа қатысу барысында оқушылардың сабақ оқуға құлшыныстарының баяулығы анықталды. Сабақ үстіндегі белсенділіктері орташа қалыптасқан. Болашақ

мамандықты игеру мақсатында бағыт бойынша бөлінгендіктен, психолог тарапынан оқушылардан сауалнама алынды.

10 а сыныбы қоғамдық - гуманитарлық бағыт бойынша қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндеріне қатысу барысында, оқушылардың сабаққа қатысуы төмен, тек мұғалімнің көмегімен ғана сұрақтарға жауап береді. Үй тапсырмасын орындауда тек қыз балалар белсенділік танытты. Пән мұғалімі А. Құсайынованың күнделікті сабақ жоспары тақырыптық - күнтізбелік жоспарға сәйкес жазылған, тақырыптардан қалушылық жоқ. Сабақ барысында оқушыларға белсенді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақта оқушылардың сыни ойлауын, өзара қарым-қатынас орнатуын, сабақ мақсатына жету қадамдарын ұсына білді.

10 б сыныбында қазақ тілі пәнінде оқушылардың пәнге қызығушылығы орта деңгейде. Пән мұғалімі А.Мырзабаеваның ҚМЖ-сы бар, талапқа сай жазылған. Өткен сабақты қайталау барысында М.Серікқызы, Еркінқызы Г, А.Ақмалиқызы қойылған сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орындаған. Мұғалімнің қолдауымен оқушылар берілген тапсырманы орындайды. Сабақ үстінде белсенді оқушылар Жұмағазы Раушан, Еркінқызы Гүлден. Ұл балалардың сабаққа белсенділігі өте төмен болды, тек дәптерге жазумен ғана шектелді, 10б сыныбы алгебра, геометрия, ағылшын тілі сабақтарында ұл балалардың пәнге деген белсенділігі төмен. Сынып оқушыларының үй тапсырмасына көңіл бөлмейтіні көрінді.

Сыныптарда өткен сабақтар барысында пән мұғалімдері тарапынан оқушыларға балдық жүйеде бағалау жүргізілмегені, сабақ мақсаттарына көңіл бөлінбейтіні, сонымен қатар, әр сабақ тек дәстүрлі форматта өтетіні анықталды.

Психолог Сангулова А:

Бұйрық негізінде 10 сыныптардың сабақтарына қатыстым. Сыныптар екі бағытта оқып жатыр. 9 сыныптан кейін екі сынып қосылып, бағыт бойынша бөлінген.

Оқушылардың оқу мотивациясы төмен. Сабақ оқуға құлшыныстары аз.

Оқушылар өздеріне қажетті пәндерді таңдап оқиды. Болашақта қажет емес деген есептеген пәндерін оқымайды екен. Үй тапсырмаларына толық дайын болмай келеді.

Әлеуметтік педагог Кошкимбаева М:

Бақылау мақсаты: Оқушылардың бейімделуін, әлеуметтік жағдайларын бақылау.

Бақылау барысында: Оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуі жақсы. Өздерін талапқа сай ұстай алады. Әр оқушы өзіндік орындарын таба білген. Өз ойларын қорыта келе жеке көзқарастары қалыптасқан.

Сыныптағы ұл балалардың, қыз балаларға қарағанда белсенділіктері төмендеу. Сыныпқа берілген тапсырмаларды қыздарға қарағанда кеш

орындап, сұрақтарға кеш жауап береді. Жалпы сынып оқушылары мектепшілік іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады. Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы. Оқушыларда толықтай мектеп формасы бар. Оқулықтар және оқу құралдарымен толықтай қамтамасыз етілген.

Ұсыныс:

- Пән мұғалімдерінің оқытудың жаңа технологияларын сабаққа енгізу, тиімді ресурстарды пайдалану
- Оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру;
- Сабақта балдық бағалауды жүйелі түрде жүргізу
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізу

Үйден оқытуды ұйымдастыру туралы анықтама

Қараша, 2022 жыл

Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, мектеп директорының _____ бұйрығы негізінде үйден оқытуды ұйымдастыру жағдайына бақылау жүргізілді.

«Алматы облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ұшарал қаласының №4 ОПМПК» КММ 05.08.2021ж №298 қорытындысы негізінде /диагнозы: ВПР сосудов головного мозга. АВМ левого головного мозга. Симптоматический эпилепсия. Гиперкинетическое расстройства поведения. ОНР – 3 уровня ; аудандық білім бөлімінің 31.08.2021ж №342 бұйрығы негізінде, оқу жоспары бойынша сабақ кестесі жасалынып, төмендегі пән мұғалімдеріне апталық сағаттары жүктеліп, 21.12.2009 ж туылған Қайтыкен Бағжан Қуанышұлы 2022 жылы қыркүйек айының 1-нен бастап көмекші бағдарламамен /7 сынып/ үйден оқытылады.

Қабылданған бұйрыққа сәйкес оқушының оқитын пәндері, пән мұғалімдері және сағат сандары белгіленді.

№	Пән мұғалімінің аты-жөні	Пәндер атауы	Сағаттар
1	Мырзабаева А	Қазақ тілі	1
		Қазақ әдебиеті	1
2	Джумажанова К	Ағылшын тілі	1
3	Басбакова Ж	Математика	4
4	Смакова Р	Жаратылыстану	1
5	Исмагулова К	Орыс тілі	1
6	Касенова А	Қазақстан тарихы	0,5
		Дүниежүзі тарихы	0,5
	барлығы		10

Бағжанның анасы Хабылхаг Х қазіргі уақытта денсаулығына байланысты үйде, әкесі Мадыбаев Қ жалдамалы жұмыстар жасайды. Үйде 3 бала тәрбиеленуде. Ағасы Аслан электрик, әпкесі Балжан жоғары оқу орнында III-курста оқиды, Бағжан үйдің кішісі. Баланың сабаққа дайындалатын бөлмесі бар, жазу тақтасы ілінген, ата-ана тарапынан жағдай жасалған. Оқу-құралдары толық. Қайтыкен Б-ның ата-анасының сұрауы бойынша сабақ кестесі I - кезекте қойылған. Сынып жетекшісі Р.Смакова.

Мектеп тарапынан Бағжан компьютерлік-техникалық құрал жабдықтарымен қамтамасыз етілген, интернет желісіне қосылған. Ата-анасы, мұғалімдер тарапынан баланың сабақ оқуына жағдай жасалған. Бақылау барысында санитарлық-талаптарды сақтай отырып, математика, жаратылыстану сабағына қатыстым. Пән мұғалімі Басбакова Ж. Мұғалім үйге берілген тапсырманы қарап шықты. Баланың шығара алмаған есептерін

түсіндіріп, бірге отырып шығарды. Анасы баламен бірге сабаққа қатысып отырды. Сабақ өту барысында Бағжан шыдамсызданып, дөрекілік танытып, мұғалім мен анасын мүлде тыңдамады. Анасының айтуы бойынша баланың кей күндері көңіл-күйі болмай, мазасызданып кететінін айтып өтті. Жаратылыстану сабағында бала мұғалім берген тапсырманы орындады, мұғалім «кім жылдам?» тақырыбында ойын ойнатты, пән мұғалімі Р.Смакова. Бала мұғалім берген тапсырманы қызығушылықпен орындады, сурет салуға бейім екені көрінді. Пән мұғалімі балаға бірден кері байланыс жасады.

Ата-анасының айтуы бойынша бала мұғалім үйге келсе, қатты қуанып, сабақта белсенділік танытатынын айтты. Бағжан буындап оқиды, жазу каллиграфиясы жақсы, сурет салғанды, өлең оқығанды ұнатады.

Аптасына бір рет ата-анасы Бағжанды мектепке алып келеді. Қазан айында 6 сыныптың сынып сағатына, математика, тарих, қазақ тілі сабақтарына қатыстырды. Мектеп психологы, дефектолог баланмен бірге сабаққа қатысты. Сыныпта, сонымен қатар мектепшілік ұйымдастырылған іс-шараларға қатысты.

Педагог-дефектолог: Үйден оқитын оқушымен аптасына бір рет санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқушымен бетпе – бет кездесіп оқушыны дамыту бағытындағы жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі. Жоспар оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Сабақ өту уақыты 25-35 минут, баланың денсаулығына, көңіл-күйіне байланысты.

Оқушымен білік дағдыларын қалыптастырып, логикалық ойлауға үйрету қадамдары жасалады. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалар құрастырып, оқушымен біріге отырып шешімін табамын.

Оқушының еркі мен арманы, ұсақ моторикасын дамытуға арналған әртүрлі ойындар арқылы, сурет салу, әңгіме құрастыру арқылы жүреді. Әр кездесуде дұрыс ойлану, шешім шығару, сұрақтарға жауап беру, ойды жинақтау әдістерін пайдалана отырып, оқушыны дұрыс, нақты жауап беруге

үйретіледі. Қате айтылған жауаптарын түзету, өмірмен байланыстыру, ойының шашыраңқы сөйлемдерін түзету жұмыстары жүргізіледі.

Педагог-психолог: Үйде оқитын оқушы Қайтыкен Бағжанмен жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Бағжанмен жұмыс айына 1 рет жүргізіледі.

Санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқушымен бетпе – бет кездесіп оқушыны дамыту бағытындағы жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі. Жоспар оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, барынша жеңілдетіліп жасалды. Жұмыстың нәтижелі жүргізілуі баланың денсаулығына, көңіл-күйіне байланысты болады.

Жұмыс оқушының қызығушылығын, мінез-құлық еріктілігін дамыту, танымдық процестерін дамыту, оқушыны қоршаған ортамен қатынасын білу арқылы, ойларын дамыту, ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру мақсатында жүргізіліп жатыр.

Ұсыныс:

- Мектеп психологы баламен жүйелі жұмыс жүргізу
- Пән мұғалімдері сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану, баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру
- Сурет, өлең оқу байқауларына қатыстыру
- Ата-ана бақылауында болу

Бастауыш сыныптардағы үй тапсырмаларының көлемі және берілу сапасын бақылау мақсатында жүргізілген тақырыптық бақылау анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 18.01-24.01.23 күндері аралығында бастауыш сыныптардағы үй тапсырмаларының көлемі және берілу сапасын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді.

Үй тапсырмасы — сыныптағы сабақтардан кейін мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқу және тәжірибелік жұмысты оқушының өздігінен орындайтын оқу процесінің құрамдас бөлігі. Үй жұмысы оқушының бүкіл оқу жұмысының бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Үйге берілген тапсырмаларды оқушының үнемі орындап, дұрыс ұйымдастырып отыруы оның жақсы үлгіруіне керекті шарттың бірі болып табылады. Мектеп оқушыларының оқуды үлгірмеуіне әкеліп соғатын себептердің көп таралған бір түрі үйге берілген тапсырмаларды қанағаттанарлықсыз орындауы, ал мұның өзі көбінесе үйге берілетін тапсырманың шамадан тыс көп беруден болады.

Оқушыларға кейде ақыл-ой күшін көп жұмсауды талап ететін тапсырмалар ғана емес, тіпті дене күшін орасан мол жұмсауды керек қылатын тапсырмалар беріледі. Шамасы келмейтін тапсырманы алған оқушылардың бірсыпырасы оларды орындауды мүлде қояды, ал енді біреулері оны жарым-жартылап қана орындайды, осыдан барып оқушылардың алған білімінде олқылықтар пайда болады да, сыныпта нашар оқитын оқушылар саны артады

Сабақта бекітілген білім көлеміне тура тәуелділіктегі үй тапсырмасының педагогикалық мақсаттағы көлемі оқу бағдарламасымен көзделген. Үй тапсырмасы түсінікті, жаңалық элементі бар және дербестігін көрсетуге мүмкіндік ашатындай болуы керек.

Тапсырма тақтада қысқаша белгіленіп, оқушының күнделігіне жазылады, мұғалімнің түсіндіруімен бірге ілеседі. Мұғалім сонымен бірге үй тапсырмасын ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар береді орындалуын үнемі тексереді.

Жұмсалатын уақытты ескере отырып, үй тапсырмасына ұсынылатын көлемдер нақты белгіленген

2-сыныпта 50 минут

3-4 сыныпта 70 минут

5-6 сыныпта 90 минут

7-9 сыныпта 110 минут

10-11 сыныпта 130 минутты құрайды. Үйге жылдам, түсінікті, нақты, қызықты тапсырмалар берулеріңіз керек.

Сіздердің сабақтарыңызға қатыса отырып байқағаным сабақты ұйымдастыру кезінде үй тапсырмасын қайталауға көп уақыт бөлесіздер, үй тапсырмасын бағалаудың қажеті жоқ, тек қалыптастырушы бағалаумен, ауызша бағалау жүргізесіздер.

Сабақ соңында үй тапсырмасына міндетті түрде тоқталыңыздар, себебі оқушы өздігінен үйде тапсырманы орындай алуы керек. Алдағы уақытта осы ұсыныстарды ескере отырып қайта қаралады, сондықтан назарда ұстаңыздар

Ұсыныстар:

- оқушының үй тапсырмаларын орындауын қадағалау
- ата-анамен байланысты нығайту
- Сабақ барысында оқушыны қызықтыратын көрнекіліктер, акт материалдарын пайдалану
- Үй тапсырмасының берілу нормасын сақтау

Үйден оқытылатын баланың оқуын, дамуын бақылау мақсатында жүргізілген жеке дербес бақылау анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 16.01-20.01 күндері аралығында шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау,

логикалық ойлау қабілеттірінің дамуын бақылау мақсатында жеке дербес бақылау жүргізілді.

Жоспарға сәйкес 2022-2023 оқу жылында үйден оқыту тағайындалған 6-сынып оқушысы Сулейман Бектас . Туған күні: 03.06.2010 жыл. Мекен жайы: Алакөл ауданы, Ақши ауылы,. Сырт бейнесі: киген киімі өзінің денесіне сай келеді. Дене дамуы өзінің жасына, ортасына сәйкес. Физикалық дамуы жағынан денсаулық жағдайы орташа.

Әкесі Қыпшақбаев Абай, анасы Джамашева Адемау. Толық отбасында тәрбиеленіп келеді. Отбасында 2-ші бала. Ата-анасы баланы қадағалайды, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді.

Дәрігердің қойған диагнозы: Приобретенная апластическая анемия, тяжелая форма

Отбасылық жағдайы жақсы. Бірақ жалдамалы үйде тұрады Мектеп тарапынан көмек көрсетіліп тұрады.Отбасының жағдайын сынып жетекшісі, мектеп басшылығы бақылап отырады.

Оқушыға жыл басында тексеріп, бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша сабақ өтіп жатыр.

Күнтізбелік жоспар негізгі 6 сыныбының пәндерге арналған жоспарынан, жеңілдетілген тақырыптар тандап алынған. Әр пәннің өтуіне 45 минут уақыт бөлінген. Пән мұғалімдері сабақ кестесі бойынша сабақтарын өткізіп отыр. Ата-ана тарапынан шағым жоқ.

Оқушының әр сабақтағы көңіл күйі, мінез құлқы, қатысуы туралы күнделік толтырылып отырады.

Үйде оқитын оқушысыда болу керек аталған құжаттар бар. *Қажетті құқықтық құжаттардың үйден оқыту жөніндегі нұсқау ережелері. *Білім бөлімінің бұйрығы. *Білім бағдарламасының сәйкестігі.(оқыту жоспары) *Мектеп құжаттарын толтыру барысында -ВКК анықтамасы -ПМПК қорытындысы. -Ата-ана өтініші. -Мектепшілік бұйрық. *Сабақ кестесінің мектеп директоры және ата-ана келісімімен бекітілген нұсқасы. *Мұғалімнің дәрежесі, өтілі.

Ағылшын тілі аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша дүйсенбі, сәрсенбі күні. Ағылшын тілі бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілген. Оқушыдар оқу кітабы бар пәнге арналған дәптер және сөздік дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау уақыты жоспармен жүргізіледі.

Бектас ағылшын тілінің әліпбиін толық білмейді, кейбір әріптерден шатасады, бүгін қайталау жұмыстары болса келесі сабақта ұмытып қалуы мүмкін. Кітап жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды дәптерге көшіре алады.Сөздік жұмыстарында көшіріп жаза алады.

Тақырыптық видеоларды көрсетіп қазақ тілінде қойған сұрақтарға жауап береді. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жақсы жауап береді.

Ағылшын тілі бойынша ата-анасы балаға көп көмек бере алмайды, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Берілген суреттерді бояйды, түрлі түсті қарандашпен жұмыс жасай алады. Сабақта көңіл күйі жақсы отырады, сұрағы болса сұрақ қояды. Ынталандырғанды мақтауды жақсы көреді.

Қазақ тілі аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша сейсенбі, бейсенбі күндері, қазақ әдебиеті аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша сәрсенбі, жұма күні. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілген. Оқушыда оқу кітабы бар пәнге арналған дәптер және көркем жазу дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау уақыты жоспармен жүргізіледі.

Бектас қазақ тілінен әліпбиді толық біледі, бірақ кейбір әріптерден шатасады. Сөздерді буынға бөліп оқығанда қиналады, мәтінді мұғалімнің көмегімен ғана оқиды. Сондықан көбіне аудио арқылы тыңдайды. Өткен тақырыпты ұмытып қалуы мүмкін. Оқулықтағы жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, тапсырмаларды дәптерге көшіре алады. Тақырыпқа қатысты қойған сұрақтарға жауап береді, мысал келтіре алады. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жауап береді.

Пән бойынша ата-анасы балаға көп көмек бермейді, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Көп жағдайда үй тапсырмасын орындамай, келесі сабаққа дайын отырмайды. Дәптерге баспа жазумен жазады. Көркем жазуға қиналады. Көшіріп жазуда, тапсырманы орындауда жай қимылдайды.

Математика пәні сабақ кестесі бойынша аптасына 3 рет, дүйсенбі, сейсенбі, жұма күндері. Оқу жылының басында математика пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілді. Оқушының математикадан оқу кітабы бар, пәнге арналған дәптер және оқу тапсырмаларын орындауға арналған дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері күнделікті жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау жоспар бойынша жүргізіліп отыр.

Бектас математика пәнінен көбейту кестесін толық білмейді, сандарды таниды. Қосу, азайту амалдарын орындай алады, бірақ бөлу амалынан қиналады. Бүгінгі өткен тақырыптарды келесі сабақта ұмытып қалуы мүмкін. Кітапта берілген жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, дәптерге көшіре алады. Тақырыптық видеоларды көрсетіп, қойған сұрақтарға жауап береді. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жауап бере алады.

Математика пәні бойынша ата-анасы балаға көп көмек бермейді, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Берілген суреттерді бояйды, түрлі түсті қарандашпен, фломастермен жұмыс жасай алады. Сабақта көңіл күйі жақсы отырады, сұрағы болса сұрақ қоя алады. Мақтағанды, мадақтауды ұнатады.

Мектеп психологы, Көпесбаева Г.С

Үйден оқитын оқушы – Сулейман Бектас Абайұлы ОПМПК қорытындысы бойынша Пограничная интеллектуальная недостаточность. ОНР -3 уровня. Бектаспен 6-ші сыныптың жетістіктер картасы арқылы диагностика жүргізу барысында оқушы өзі, отбасы туралы толық ақпарат бере алады, бірақ өте баяу ойланады. Қоршаған орта туралы білімі жас ерекшелігіне сай емес. Эмоционалды сөйлеу тілін тексеру барысында Бектастың сөздік қоры аз. ПМПК қорытындысында да сөйлеудің жалпы дамымауының 3-ші деңгейі деп берілген. Сурет бойынша әңгіме құрастыру барысында барлығын сурет бойынша әңгімелеп беруге тырысты, бірақ күнделікті қолданыстағы сөздер. Жазу дағдысын тексеру барысында әріптерді біледі, берілген мәтінді жақсы көшіріп берді. Бірақ өздігінен әңгіме құрастыруда қиындықтар бар. Оқу бағдарламасы бойынша оқу дағдысына келетін болсам, мәтінді қобалжып оқып берді. Тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айтуда ұзақ ойланады. Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жаза алмайды. Оқыған сөзінің көп мағынасын өзі түсінбеді. Еркін шығармашылық әңгіме еркін тақырыпта әңгімені ұстаздың көмегімен орындайды. Қарапайым математикалық дағдысыда дұрыс қалыптаспаған.(қосу, азайту) деген. Көбейту, бөлу есебін шығару барысында қиналады, ұзақ ойланады, баяу орындайды. Аз, көп ұғымы қалыптасқан. Қарама – қайшы сөздерді ажыратады. Дауысты, дауыссыз дыбыстар, олардың әріптік таңбаларын ажыратуда кезінде шатасады. Заттың атын білетін сөздерді түсінеді. Сұрақты аяғына дейін тыңдайды, бірақ сұрақтың мағынасын аса толық түсінбейді. Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізуде ұзақ ойланады. Жалпы оқушының қабылдау қабілеті, оқу бағдарламасын меңгеруде біршама қиындықтар бар екені анықталды. Бектас үйге берілген тапсырмаларды орындамайды, ауызша берілген сұрақтарға жауап бере алмайды. Көбейту кестесін білмейді. Жазу коллиграфиясы нашар, кітаптан берілген тапсырманы көшіріп жаза алады.

Педагог-дефектолог, Есімбекова Т.С Үйден оқитын оқушымен аптасына бір рет санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқушымен бетпе – бет кездесіп оқушыны дамыту бағытындағы жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі. Жоспар оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Сабақ өту уақыты 25-35 минут, баланың денсаулығына, көңіл-күйіне байланысты.

Оқушымен білік дағдыларын қалыптастырып, логикалық ойлауға үйрету қадамдары жасалады. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалар құрастырып, оқушымен біріге отырып шешімін табамын.

Оқушының еркі мен арманы, ұсақ моторикасын дамытуға арналған әртүрлі ойындар арқылы, сурет салу, әңгіме құрастыру арқылы жүреді. Әр кездесуде дұрыс ойлану, шешім шығару, сұрақтарға жауап беру, ойды жинақтау әдістерін пайдалана отырып, оқушыны дұрыс, нақты жауап беруге үйретіледі. Қате айтылған жауаптарын түзету, өмірмен байланыстыру, ойының шашыраңқы сөйлемдерін түзету жұмыстары жүргізіледі.

Ұсыныстар:

- оқушының үй тапсырмаларын орындауын қадағалау
- ата-анамен байланысты нығайту
- Сабақ барысында оқушыны қызықтыратын көрнекіліктер, акт материалдарын пайдалану
- Таным процесін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізу.
- Сөздік қорын дамыту.

Шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттірінің дамуын бақылау мақсатында жүргізілген тақырыптық тексеру анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 24.11-30.11.2022 күндері аралығында шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттірінің дамуын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді. бақылау барысында анықталғаны Жеке даму картасы жүргізу барысында шағын орталықтағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері 3 пен 5 жас аралығындағы балалар. Физикалық қасиеттерді дамытуда 20 тәрбиеленушінің 14-і күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі: кимін өз бетінше киеді жіне шешеді. Спорттық ойындардың элементтерін орындайды: тәрбиешінің көмектесуімен ертеңгілік жаттығуды орындайды. 6 -тәрбиеленуші гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін тәрбиешінің нұсқаулығымен біледі: кимін тәрбиешінің көмегімен киеді және шешеді. Спорттық ойындардың элементтерін тәрбиешінің нұсқаулығымен орындайды. Коммуникативті дағдыларды дамыту 20 тәрбиеленушінің 12-сі суреттер бойынша әңгімелер құрастырып сұрақтарға толық жауап береді. Сөздік қоры дамыған, сөзді толық айтады. 8- тәрбиеленуші сөздік қоры орташа дамыған. Негізгі ойды жеткізе алады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда 20 тәрбиеленушінің 13-і «көп», «бір» ұғымдарды ажыратады. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше заттарды табады, түстерді ажыратады. Саны бойынша заттар тобын құрады.

7- тәрбиеленуші тәрбиешінің нұсқаулығымен қоршаған ортадан бір немесе бірнеше заттарды табады, саны бойынша заттар тобын құрады. Шығармашылық дағдыларының зерттеру іс әрекетінің дамуы 20 тәрбиеленушінің 15-і сурет салудың, мүсіндеудің, жапсырудың құралдарын қолдана алады. Өз ойын еркін жеткізе алады. Берілген суреттерді таза бояп жапсыру мен мүсіндеу жұмыстарын орындайды. 5-тәрбиеленуші тәрбиешінің көмегімен суреттерді таза бояйды. Өз ойын толық жеткізе алмайды. Әлеуметтік эмоциональды дағдыларды қалыптастыруды дамытуда 20 тәрбиеленушінің 13-і амандасады қоштасады көмектескені үшін бір-біріне алғыс айтады. Отбасы мүшелерімен жақын адамдардың есімдерін атайды. Ойынды өз бетінше ойнай алады. 7- тәрбиеленуші тәрбиешінің көмегімен амандасады қоштасады. Ойынды өз бетінше ойнай алады, анасы мен әкесінің есімдерін атайды.

Ұсыныс: 1. Шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау қабілеттерін арттыру , жақсарту үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін ойын түрінде түллендіріп өткізу.

2. Тапсырмалар орындауда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру

3. Тәрбиеленушілердің есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін мектеп психологымен бірлесе жұмыс жасау

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасы туралы тақырыптық тексеру анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 09.01-16.01.23 күндері аралығында пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының сапалы, талапқа сай құрылуын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді. Күнделікті пән мұғалімдерінің қмж-ларының талапқа сай жазылуы тексеріліп, кері байланыс берілді

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасы бойынша пән мұғалімдерінің күнделікті қысқа мерзімді жоспарлары сабақ басталғанға дейін қаралып, түрлі кеңестер беріледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде пәндер бойынша күнделікті қысқа мерзімді жоспар құру кестесіне сәйкес алынады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, оқушыға арнап құрылған күнделікті сабақ жоспарының формасы немесе үлгісі. Яғни, Қысқа мерзімді жоспар – жеке, дербес сабақ жоспары болып табылады.

Мақсат қоя білу, міндеттерді белгілеу, күтілетін нәтиже, модульдерді қолдану, сабақтың барысы, мұғалімнің іс-әрекеті, оқушының іс-әрекеті, бағалау және рефлексия бөлімдері бойынша мұғалімнің жұмысын бағалау ұсынылады. Сабақтың басты міндеті — оқу мақсатын жүзеге асыру

болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады.

Мектеп мұғалімдерінің сабағына қатысу барысында, біріншіден Қысқа мерзімді жоспарлары қаралады. Жоспардағы оқу мақсаты мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант екенін түсіндіре отырып, оқу мақсаттары оқу бағдарламасы (ҰМЖ) негізінде құрастырылған күнтізбелік-тақырыптық жоспардан алынып, күнделікті сабақта сабақ мақсатын мұғалім өзі шығарады. Сонымен қатар, күнделікті қысқа мерзімді жоспарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға сабақтың мақсаты көрсетілуі тиіс.

Бақылау барысында анықталғаны,

Көркем еңбек пәні мұғалімі Жанысбаев М- қысқа мерзімді жоспары күнтізбелік –тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. ҚМЖ 382 бұйрыққа сәйкес жасалған. Қысқа мерзімді жоспар көптеген түзетулерді қажет етеді. Жаңа тақырып түсіндірілмеген. Тапсырма берілмеген. Топта 5-6 оқушы бар алайда қысқа мерзімді жоспарды 3 топқа бөліп қойған. 5 бала топқа бөліне ма деген сұрақ туындайды. Сабақ жоспарында әдіс-тәсілдер қолданылмаған, пайдаланылған әдістер мақсатқа сай емес.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Абдельданова А- қысқа мерзімді жоспары 382 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Тапсырмаларға сәйкес критерий , дескрипторлар ұсынылған, бағалау жүйелі жүргізілген.

Асемова Г- қысқа мерзімді жоспары күнтізбелік –тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Тапсырмаларға сәйкес критерий, дескрипторлар ұсынылған.

Орыс тілі пәні мұғалімі Абдельданова Ж- қысқа мерзімді жоспары 382 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Сабақтың мақсатына жету үшін тапсырмалары толықтыруды қажет етеді.

Даулетханова У - оқу мақсаттары дұрыс емес. Психологиялық ахуал (қол шапалақтау) жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. *** белгісі көрсетілген. Ол нені білдіреді??? Бағалауды жүйелі жүргізу керек. Дескриптор ұсынылған алайда қай тапсырмаға берілгені белгісіз.

Бастауыш сынып мұғалімі Сембаева Ж- оқу мақсатына сабақ мақсаты сәйкес келеді. Тапсырмалар сабақ мақсатына сәйкес келеді. Бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақта белсенді әдістер қолданылған бірақ түрлендіруді қажет етеді.

Алтынбекова Н- қысқа мерзімді жоспары 382 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Тапсырмаларға сәйкес критерий , дескрипторлар ұсынылған, бағалау жүйелі жүргізілген.

Козыбаева Ш- Сабақ жоспары талапқа сай жасалған. Мақсатқа сәйкес тапсырмалар ұсынылған. Тапсырмаларға критерий , дескриптор берілген.

Бағалау нақты көрсетілген. Алайда сабақ жоспарында ФЦ, МТ белгілері көрсетілген, ол нені білдіретіні белгісіз.

Қазақ тілі пәні бойынша Дарқанова А-сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келеді. Сабақтың барлық кезеңдері орынымен сақталған. Сабақ мақсатына сәйкес тапсырмалар берілген, бағалау жүйелі жүргізілген.

Нурмуханова С- тапсырмалар сабақ мақсатына негізделіп жасалған, бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келеді.

Информатика пәні мұғалімі Байжукенова А- сабақ мақсаты дұрыс емес. Тапсырмалар мақсатқа байланысты емес. Сабақта пайдаланылатын әдістерді түрлендіру қажет. Сабақта АКТ пайдалану

Салкеева Ш- сабақ мақсаты оқу мақсатына негізделіп жасалған. Тапсырмалар мақсатқа жетуге бағытталған. Бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдер қолданылған.

Тарих пәні мұғалімі Ақжолова М- сабақ жоспары талапқа сай құрылған. Белсенді әдістер пайдаланылған және олар сабақ мақсатына жетуде ұтымды алынған. Тапсырмалар нақты және түсінікті ұсынылған

Мұғалімдерге кеңестер беріліп, оқу мақсаттарын сабақ мақсаттарына айналдыра отырып, сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі екені түсіндірілді. Сабақ мақсаты оқушының сабақта не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау не үйренетіндігіне болжау жасайды. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұнда мұғалім ҰМЖ-да оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады. Оқу мақсаттары алдымен сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады. Сабақ мақсатын құруда барлығы, кейбір оқушылар деген сөздерді қолдану, қолданбау мұғалімнің өз еркінде. Себебі, мұғалім мақсатқа жету үшін дескриптор, тапсырманы орындау қадамдарын құрастырса болады. Оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді. Сонымен бірге мұнда саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс деп есептелінеді. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруда мынаны негізге алса болады:

- сабақтың тақырыбын анықтау;
- әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары бойынша түрлі жұмыс түрлерін дайындау;

- төрт дағдыны қалыптастыру үшін ұсынылатын оқу материалдарымен ресурстарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу;
- уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
- жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
- сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Міне, сабақтың жоспарын осы сұрақтарға жауап беретіндей етіп және сабақ құрудың жоғарыдағы міндеттерін ескере отырып жоспарласақ, нәтижеге жетеміз. Әрине, саралау бойынша оқушыларға қолдау көрсетіп, әр тапсырманы орындау алгоритмін ұсынуға болады. Бұның барлығы мұғалімнің шығармашылығы мен іскерлігіне байланысты болмақ. ҚМЖ - мұғалім айнасы, мұғалім жұмысының көрінісі. Сауатты құрылған ҚМЖ сабақ нәтижесіне жетер жетістіктің іргетасы.

Ұсыныс:

1. Іс-тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысуды қолға алу
2. Сабақ барысында әр түрлі платформаларды пайдалану.
3. Белсенді әдіс-тәсілдерді түрлендіріп пайдалану
4. Оқушылар бойында функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын енгізу.

Тоқсандық жиынтық бағалау жүргізу сапасын бақылау мақсатында жүргізілген тақырыптық тексеру Анықтамасы

Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, тоқсандық жиынтық бағалауды жүргізуі және талдауына бақылау жүргізілді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес құрастырылады. Жиынтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес балдар қойылатын балл қою кестесі құрастырылады. Мұғалім әр жауапқа қойылған балдардың, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс. Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді

меңгергенін, қандайдағдыларды игергеніне қорытынды талдау жасау үшін бақылайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы және /№472 21.10.2021/ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2022 жылғы

27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Мектепте 24 пән мұғалімі және 6 бастауыш сынып мұғалімі бөлім, тоқсандық жиынтық бағалау бойынша БЖБ,ТЖБ жүргізеді.

Химия-биология пәні мұғалімі, Амиралинова М.Ж

I-II-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы, тжб өткізу кестесі жинақталған. ТЖБ өткізу уақыты 45 минутқа көрсетілген.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмысты толықтыру қажет етеді

Математика пәні мұғалімі Салкеева Ш.Р

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсаттарды нақты жазып көрсеткен.

- Қол жеткізген мақсаттар мен қиындық туғызған мақсаттар бар
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі нақты көрсетілген

География пәні мұғалімі Жанысбаева Г.А

II-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы, өткізу кестесі бар, өткізу уақыты - 45 минут көрсетілген. Күнделік кз-тен оқушылардың ТЖБ туралы ақпарат алынған. БЖБ, ТЖБ талдауы бірге жазылған. ТЖБ да қол жеткізген мақсат тоқсандық бойынша жиынтық бағалау спецификациясымен сәйкес келмейді. 5 оқу мақсаты берілгенімен, 4-і көрсетілген. Оқушы жұмысы қарындашпен тексерілген.

Қазақ тілі, Нурмуханова С.Т

Күнделік кз-тен оқушылардың ТЖБ туралы ақпарат алынған. I-II-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы салынған, ұзақтығы -45 минут, оқылым – 15 жазылым 30 минут көрсетілген.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты жазылған
- Себептері толық анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесін анық, түсінікті жазған.

Ағылшын тілі, Абдельданова А.М

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсаттарды жазып көрсеткен.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

Қазақстан тарихы Ақжолова М.О

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсатты нақты жазып көрсеткен. Оның себептерін және шешу жолдарына жұмыс жоспарланған. 2 тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы бар.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

Орыс тілі, Смагулова А.Р: ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, мақсатты меңгерген оқушыларды көрсете отырып, қиындық тудырған оқу мақсаттарын алған. Пән мұғалімі ТЖБ талдауын толық жазған.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

Орыс тілі, Даулетханова У.Р: ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, мақсатты меңгерген оқушыларды көрсете отырып, қиындық тудырған оқу мақсаттарын алған.

Тоқсандық жиынтық бағалауда 7 тапсырма берілген, пән мұғалімі оқушылар оырнадаған әр тапсырмаға жеке балдары анықталмаған, соңында 7 тапсырмадан алған балы қойылған.

- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген.
- Себептері нақты анықталмаған
- Жоспарланған жұмысты толықтыру қажет етеді.

Кемшіліктер:

- Пән мұғалімінің тапсырмаларды орындауда қиындық тудырған мақсаттарға дұрыс назармауы, /қиындық тудырған мақсатты қайта жаза салу/
- қиындық тудыру себептері не, яғни себептерін нақтыламау
- Жоспарланған жұмыстар тізбесін, оқушылармен қандай түзету жұмыстарын жүргізуді нақты жоспарламау

- Оқушы орындаған тоқсандық жұмыстарда әр тапсырманының орындалғанын тексеріп, бағаламау

Ұсыныстар:

1. Пән мұғалімінің тапсырмаларды орындауда қиындық тудырған мақсаттарға назар аудару
2. Қиындық тудырған себептерін анықтау
3. Жоспарлағн жұмыстар тізбесін нақты көрсету

Мектеп қызметкерлерінің және оқушыларының іс-құжаттарының сапалы жүргізілуін бақылау мақсатында жүргізілген ағымдық бақылау Анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 01.09-09.09 күндері аралығында мектеп қызметкерлерінің және оқушыларының іс-құжаттарының сапалы жүргізілуін бақылау мақсатында ағымдық бақылау жүргізілді.

Мектептің сандық құрамын бекіту туралы №67 05.09.2022 ж бұйрығы негізінде 1-11 сыныпта 110 оқушы оқиды. Даярлық тобының тәрбиеленушілерінің саны 10, 01.09.2022ж №1 бұйрығы негізінде сандық құрамы бекітілген. Олардың іс-қағаздары әр сынып бойынша жеке регистрде жинақталған. Регистрдің бірінші бетінде 2022-2023 оқу жылының басында бекітілген сынып тізімдері салынған.

1-11-ші сыныпта оқитын оқушылардың әрқайсысының жеке іс-қағаздарында мынадай құжаттар жинақталған: жастарына сай $\frac{3}{4}$ фотосуреті жапсырылған, 1-ші сыныпқа қабылдау туралы өтініші, форма 086/у нысанында дәрігерлік анықтама, жеке бас куәліктері және ЖСН көшірмесі.

1-11 сынып аралығындағы сабақ үлгерімі туралы таббелдері, әр оқу жылымыен сынып мінездемесі, мен психологиялық –педагогикалық мінездеме және ата-аналарымен келісім шарттары салынған.

10,11 сынып оқушыларының іс-қағаздарында 10 сыныпқа қабылдау және бағыттар туралы өтініші және негізгі орта білім туралы аттестаттарының көшірмесі салынған.

Сынып бойынша оқушылардың іс-қағаздары бірдей көк файлға жинақталған. Оқушының аты-жөні жеке бас куәлігі бойынша жинақталған. Файлда әр оқушының жеке бас куәлігі, өтініштер, жасына сай $\frac{3}{4}$ фотосуреттері, оқу үлгерімі туралы табельдері, әр жылғы сынып мінездемесі мен психологиялық мінездеме, 086/у нысанында дәрігерлік анықтама т.б тиісіз құжаттардан тұрады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуы туралы анықтама

Мектепшілік бақылаудың 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары негізінде, мектеп директорының 20.12.2022ж №123 бұйрығына сәйкес, мектепте І-жартыжылдықтың аяқталуына байланысты барлық оқу пәндерінен Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт /оқу бағдарламаларының/ орындалуы бақыланды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде стандарт талаптары орындалды. Сонымен қатар, қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамаларына түсіндірме жүргізілді:

1) бағалау – әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;

2) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

3) білім беру процесінің мониторингі – білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асырудың нәтижелері мен жай-күйіндегі өзгерістердің динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалау, талдау, бағалау және жай-күйін болжау;

4) білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

5) білім беру қызметі – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру субъектілерінің мақсатқа бағытталған, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;

6) білім беру саласы – мәндес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын бастауыш білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі;

7) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

8) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

9) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

10) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

11) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

13) сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

14) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің (сабақ) тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

15) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

16) элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамдас бөлігі.

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі, негізгі орта, жалпы орта білім беруде тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптары педагогикалық кеңесте талқыланып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тоқсан соңында күнделік.кз-те пәндер бойынша стандарт талаптарының орындалуы тексерілді. Барлық сыныптарда қалыс сағаттар болған жоқ.

Күнделік.кз толтыруда дене шынықтыру мұғалімі Смагулов Ж.А тоқсан соңында оқушыларға қорытынды «есептелінді» жазбағаны, көркем еңбек пәні мұғалімі Жанысбаев М, Даулетханова У тоқсан соңында оқушыларға қорытынды «есептелінді» жазбағаны, информатика пәні мұғалімі Байжукенова А БЖБ бағасын оқушыларға толық қоймауы

анықталды. Жіберілген кемшіліктер бойынша пән мұғалімдеріне ескерту берілді.

Кемшіліктер:

1. Пән мұғалімдерінің БЖБ бағасын оқушыларға дер мезгілінде қойып, уақытында бағаламауы;
2. Тоқсан соңында күнделік.кз-те мұғалім қолмен толтыратын бағаны толтырмауы;
3. Қосымша білім беру, яғни, қолданбалы курс, таңдау пәндері, үйірме сабақтарының электронды журналын күнделікті толмаулары;
4. Пән мұғалімдерінің денсаулығына байланысты немесе басқа себептермен сабақтан қалған оқушыларға дер кезінде «а» немесе «ж» белгілерінің қойылмауы.

Ұсыныстар:

1. Пән мұғалімдерінің электронды журнал толтыруда жауапкершілік танытуы қадағалауға алынсын
2. Пән мұғалімдерінің әр пән бойынша стандарт талаптарының орындалуына басты назар аударылсын

2022 жылдың 26-31 қазан аралығында мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысын бақылау мақсатында өткізілетін ағымдық бақылау

АНЫҚТАМА

2022 жылдың 26-31 қазан аралығында мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысын бақылау мақсатында өткізілетін ағымдық бақылау жүргізілді. бақылау барысында мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысын бақылау мақсатында өткізілетін ағымдық бақылаудың жоспары құрылып бекітілді. Тексеру үшін жұмыс тобын құрылды.

Мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысын бақылау мақсатында орнатылған камералардың санын анықталды. Мектепте барлығы 17 камера орнатылған. Ішкі-13, сыртқы-4. Барлығы талапқа сай жұмыс жасайды. Сақтау мерзімі 45 күн. Камералар қажетті деген жерлерде орнатылған.

Мектепте техника қауіпсіздігі ережелері, өрт қауіпсіздігі ережелері таныстырылған, журналдары жүргізілген. Қауіпсіздік жұмыстары талапқа сай.

Дабыл сигналдары іске қосылған. Бірақ жөндеуді қажет етеді. Ауданға дабыл сигналдарын жөндеу туралы сұраныс жіберілген.

ҰСЫНЫС: 1. Дабыл сигналдарын жөндеуден өткізу.

2021жылдың 8-19 қараша аралығында 5-сыныптың негізгі пәндерінің жүргізілуі және білім сапасын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылаудың анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2021жылдың 8-19 қараша аралығында 5-сыныптың негізгі пәндерінің жүргізілуі және білім сапасын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылау жүргізілді 5 сыныпта барлығы 12 оқушы, 4 ұл, 8 қыз бала . сыныпта 2 оқу озаты бар: Ахметжан Ақниет, Мәсім Айзере. Оқу екпіндісі – 4, Махамадияр Айым, Қанат Аида ,Тлеутай Алишер, Қасымжан Жұлдыз. Сыныптың білім сапасы – 50 %.

Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі жақсы, тәртіп жағынан жақсы. Оқушылар жеке бас ерекшелігі мен даму психологиясына, қабілетіне орай бейімделу процесі әр түрлі жағдайда өтеді, сондықтан ұжым алдында 5 сыныптың орта буынға көшкен кездегі қиындықтарды бірге шешіп, оқушылардың табысты бейімделуін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Бақылау барысында барлық негізгі пәндер бойынша сабақтарға қатысық. Оқу жылының басындағы кіріс бақылау жұмыстарының нәтижелері талқыланды. Негізгі пәндердің дәптерлері, оқушылар жұмыстары , бжб, тжб жұмыстарының талдаулары тексерілді. Оқушылардың күнделікті толтыруы, күнделікті үй тапсырмасын жазуы және оның орындалуы қадағаланды. 5 сыныптаға пәндер бойынша бейімділік деңгейлеріне диагностика жасалды. Мектеп психологы тарапынан оқушылардың мотивация деңгейлерін зерттеу, ойлау процестерінің даму деңгейін зерттеу, есте сақтау деігейлерін зерттеу шаралары ұйымдастырылды.

Бақылау барысында 12 сабаққа қатысылды. Сабаққа қатысу барысында оқушылардың пәнге қызығушілігі, белсенділігі, үй тапсырмаларын орындауы және мұғалімнің сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдерін қоладнуы, жеке оқушылармен жұмыс жасауы, тапсырмалар беруде оқушылардың жас ерекшелігін ескеруі қадағаланды . оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында көрнекті құралдар, АКТ-мен жұмыс сияқты жұмыстар жүргізу ұсынылды.

Бастауыш сыныпта үздік болған 5 сынып оқушылары математика пәні бойынша бұл жердегі 20 баллды қорғай алмады. Оқушылар жаңа бағдарламаны дұрыс қабылдау үшін математика сабақтарында оқыту әдісін дұрыс таңдау – ең басты мақсаттардың бірі. Пән мұғалімдері сабақтарында сөздік құзыреттілікті дамыту үшін мынадай әдіс-тәсілдерді қолданып, жұмыс жүргізуде: сұрақ-жауап, көрнекілік, кітаппен жұмыс, аудио-бейне тәсілдері, интерактивті әдістерді көптеп түрлендіріп қолдану қажет. Жаңа идеялар

ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, мәселелерді шешуде ұжымдық оқыту технологиясының маңызы зор. Бұл дәстүрлі әдістерге қарағанда оқушылардың білімге қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді, алайда 5 сынып оқушылары өз ойларын айқын айтуға үйренбеген, топтық, ұжымдық жұмыс жүргізуге дағдыландыру қажет. Кездесетін қиындықтар негізінен: оқушылардың өз ойларын тез, жүйелі ауызша-жазбаша жеткізуге дағдыланбауы, оқулықта жоспардағы кейбір тақырыптардың бағдарламаға сәйкес келмеуі деп түсіндірді.

Жаратылыстану пән мұғалімі Жанысбаева К. Жаратылыстану пәні бойынша сабақтарға қатысу кезінде оқушылардың белсенділік танытып, сұрақтарға нақты жауап беретінін айтып өтті. Сабақты қорытындылау кезінде оқушылардың пікір айту белсенділігі жоғары болды. Оқушылар сабақта уақытты тиімді пайдалануды, оқушылар ережесін сақтауды, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруды мұғалім көмегімен қалыптастырды. Оқушылар мұғалімнің бағалауына оң көзбен қарайды, өйткені олар жауаптарына өзіндік бақылау, өзіндік бағалау жайын біледі.

Орыс тілі пәні бойынша Тлеутай Алишер сабаққа жақсы қатысып отырады, оқу тапсырмасын орындап келеді. Бірақ жазу каллиграфиясы орташа. Сөздік жаттайды, кейбір грамматикалық ережелерде қиналады. Оқи алады.

Айдосқызы Ақниет сабаққа қатысуы жақсы, оқу тапсырмасын орындап келеді, грамматикалық ережелерде, сөйлем құрастыруда қиналады. Жақсы оқиды. Қанат Аида тырысып оқиды, Сөздік жаттап келеді, грамматикалық ережелерде көп қателеседі.

Қасымжан Жұлдыз соңғы сабақтарда үлгерімі төмен болып жүр, грамматикалық ережелерде көп қателеседі. Оқу тапсырмаларын орындап келеді. Көп сөйлемейді. Тапсырмаларды жаттап келеді.

Қасымжан Құндыз оқу тапсырмасын кейде орындайды, кейде орындап келмейді, Сабақта орташа қатысып отырады. Оқуға белсенділігі төмен.

Ерікұлы Амир оқу тапсырмасын көбінесе орындамайды, кейде кітабын ұмытып кетеді. Сабақта белсенділік танытпайды. Жазба жұмыстарды орындайды, мұғалімнің көмегімен.

Оқушылардың оқу құралдары толық, бір жұмыс дәптерлері бар.

5 сыныпта осы тоқсанда грамматикалық ережеге көп болғандықтан оқушылар сабаққа қатысуы орта болып тұр, қосымша сабақтарда ереже қайталанып отырады.

Қазақ тілі пәні бойынша пән мұғалімі: Нурмуханова Салтанат Төлеуғазиновна 5-сыныпта пән бойынша тақырыптар, грамматикалық тақырыптар, тапсырмалары күрделенген. Алғашқы күндері оқушылар үйренісе алмай, берілген тапсырманы уақтылы орындауға мүмкіндіктері жетпей, ойын толық жеткізуде қиналып, үрейленген сәттері де болды. Оқушы бойында орын алған мазасыздық күйді жеңу барысында ойын түріндегі тапсырмалар қолданылды. Ойын- бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Сабақ барысында «Жүзіп шығу», «Әдебиет лотосы», «Кейіпкерлер әлемі» «Кезбе тілші», «Сөздермен әңгіме құрастыру» «Ойлан Жұптас Бөліс», «Қос жазба күнделігі» т.б әдіс –тәсілдер қолдану арқылы тапсырмаларды түрлендіре орындатып сабақ мақсатқа қол жеткіземін. Сонымен қатар мәтінмен жұмыс орындай отырып өзіндік пікірлерін, ойын еркін жеткізу үшін де сұрақтарды түрлендіре қоя отырып та бір-бірімен пәкіралмасу арқылы функционалдық сауаттылығын арттырамын. Тақырыптар бойынша аудио, видео жазбалар көрсету арқылы тыңдалым мен айтылым дағдысын қалыптастырамын. Оқушы қызығушылығын арттыруда оқушы деңгейіне сай жеке жұмыс жүргізіп, шығармашылық тапсырмалар беріліп отырылады. Оқушыларға түсінбеген жерлерін қайта сұрап отыруды қатаң ескертіп отырамын. Сабақта оқушы қызығушылығын арттыру барысында түрлі викториналық сұрақтар беріліп, өздігімен орындауға арналған шығармашылық жұмыстар беріліп отырды. Мәселен эссе, өлең шығару, мәтін құрау сияқты тапсырмалар.

«3 2 1», «1 1 1», «Екі жұлдыз», «Аяқталмаған сөйлемдер», «БББ кестесі» т.б

әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушы білімдері бағаланып отырылады.

Пән бойынша Арынғазы Д, Тлеутай А, Ерекұлы А. Құттыбек Е жазу коллеграфиясы нашар. Арынғазы Дильназ бен Маратқызы Асем жазылым барысында орфографиялық норма жағынан өте нашар жазады.

Тақырыптар бойынша өз ойларын жазуда қиындық туғызатын, мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушылар: Арынғазы Д, Ерекұлы А, Қасымжан Қ. Маратқызы А. Құттыбек Е. Ал, Қасымжан Ж Махамадияр А, Қанат А. тапсырмалар орындау барысында жетекші сұрақтар қою арқылы толық жауап аламын. Кейбір оқушылар дауысты мен дауыссыз дыбыстарды ажырата алмайды. Буынға бөліп жазудан қиналады. Бұндай оқушыларға қосымша тапсырмалар беріледі. Баланың тек тілін ғана жаттықтырып қоймай, шапшаңдығына да көп көңіл бөлу керек деп ойлаймын. 5-сынып оқушысы минутына норма бойынша 105-115 сөз оқуы тиіс. Оқу жылдамдығын бақылау барысында 2 оқушы нормадан жоғары атап айтсақ Ахметжан Ақниет, Мәсім Айзере. Нормаға сай 4 оқушы: Қанат А, Тлеутай А. Қасымжан Ж. Махамадияр А. Нормадан төмен 5 оқушы оқиды. Олар: Арынғазы Д. Маратқызы А. Құттыбек Е. Ерікұлы А. Қасымжан Қ. Бұл, әрине, алдағы уақытта оқу жылдамдығына көп көңіл бөліп, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін аянбай еңбек етуді талап етеді.

Математика пәні бойынша білім сапасы 63,6%.

Мәсім Айзере сабаққа оқу тапсырмасын орындап келеді. Сабақ барысында белсенді қатысады, тапсырманы немесе тақырыпты қабылдауы баяу, түсініп алған соң тапсырманы өз бетінше орындай алады.

Ахметжан Ақниет сабаққа қатысуы жақсы, оқу тапсырмасын орындап келеді. Сабаққа қатысуы белсенді, алайда тапсырмаларды орындауы баяу.

Құттыбек Еділ сабаққа жақсы қатысып отырады, ауызша есептеуі, қабылдауы жылдам. Жазбаша тапсырмаларды орындауда біраз қиналады.

Қанат Аида сабақты тырысып оқиды, оқу тапсырмаларын орындап келеді. Қабылдауы өте баяу, жеке тапсырмаларды орындауда қиналады.

Махамадияр Айым оқу тапсырмасын орындап келеді. Сабақта орташа қатысып отырады. Қасымжан Жұлдыз сабаққа белсенді қатыспайды, бірақ берілген тапсырманы қатесіз орындайды.

Тлеутай Алишер оқу тапсырмасын орындайды. Қабылдауы жылдам, сабаққа белсенді қатысады.

Қасымжан Құндыз оқу тапсырмасын кейде орындамай келеді, сабақ барысында қабылдауы орташа, тапсырманы орындауы баяу. Мұғалімнің көмегімен орындайды.

Ерекұлы Амир тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды. Оқу тапсырмасын жиі орындамай келеді. Қабылдауы баяу.

Маратқызы Әсем оқу тапсырмаларын орындап келеді. Қабылдауы өте баяу, тапсырманың мұғалімнің көмегімен орындайды.

Арынғазы Дильназ оқу тапсырмаларын кейде орындамай келеді. Сабақта барынша тырысады, қабылдауы орташа, жеке тапсырмаларды орындауда қиналады.

5 сыныпта оқушылардың сабаққа қатысуы орта болып тұр. Қазіргі күні «Жай бөлшектерге амалдар қолдану» бөлімін өтіп жатқандықтан оқушыларда жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру бойынша, сандардың ең ортақ бөлгішін табу бойынша қиындықтар туындап жатыр. Сол себепті оқушылармен жұмыстар жүргізіліп отыр.

2020-2021 оқу жылында бұл сыныптың білім сапасы: 75%

2021-2022 оқу жылында 50% -ды құрады.

Р/С	Пәндер атауы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы
1	Математика	83%	63%
2	Қазақ тілі	83%	54%
3	Әдебиеттік оқу	83%	54%

4	Жаратылыстану	83%	63%
5	Орыс тілі	75%	54%
6	Ағылшын тілі	75%	63%

Білім сапасының төмендеу себебі, Оқушылар өміріндегі ең күрделі кезеңдердің бірі-бастауыш сыныптан негізгі мектепке өту кезеңі. Біріншіден бастауыш сыныпта бірнеше жыл бойы бір мұғалімнен ғана білім алып қалыптасып қалған оқушыларға бұл кезеңге психологиялық жағынан өту қиындық туғызса, екінші жағынан оқу бағдарламасына жаңа пәндердің енгізілуі де оқушыға әсер етеді. Сонымен қатар 5-сыныпта бастауыш сыныптарда көтермелеу болған.

Ұсыныстар:

- үнемі қателермен жұмыс жүргізу;
- оқушылармен жекелей жұмысты күшейту;
- мұғалімге оқушылар жіберген қателерді талдау, оқушылардың біліміндегі жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында жұмысты жоспарлау.
- сыныптан тыс мәтін оқу жағдайларын тұрақты қадағалап, ата-аналармен және мектеп кітапханасымен байланыс жасап отыру керек.
- негізгі пәндерден тест тапсырмаларын жүйелі түрде алып отыру.
- жалпы сыныпты оқу жылының аяғына дейін назарда ұстау

2021 жылдың 22-26 қараша аралығында үйде оқытылатын пәндердің оқытылу жағдайы оған психологиялық қолдау мақсатында жүргізілген тақырыптық бақылаудың анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2021 жылдың 22-26 қараша аралығында үйде оқытылатын пәндердің оқытылу жағдайы оған психологиялық қолдау мақсатында жүргізілген тақырыптық бақылау жүргізілді. Бақылаудың жұмыс жоспары жасалып, комиссия тобы құрылды. Жоспарға сәйкес 2021-2022 оқу жылында үйден оқыту тағайындалған 5-сынып оқушысы Сулейман Бектас . Туған күні: 03.06.2010 жыл. Мекен жайы: Алакөл ауданы, Ақши ауылы,. Сырт бейнесі: киген киімі өзінің денесіне сай келеді. Дене дамуы өзінің жасына, ортасына сәйкес. Физикалық дамуы жағынан денсаулық жағдайы орташа. Әкесі Қыпшақбаев Абай, анасы Джамашева Адемау. Толық отбасында тәрбиеленіп келеді. Отбасында 2 бала. Ата-анасы баланы қадағалайды, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді.

Дәрігердің қойған диагнозы: Приобретенная апластическая анемия, тяжелая форма Отбасылық жағдайы жақсы. Бірақ жалдамалы үйде тұрады Мектеп тарапынан көмек көрсетіліп тұрады.Отбасының жағдайын сынып жетекшісі, мектеп басшылығы бақылап отырады.

Оқушыға жыл басында тексеріп, бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша сабақ өтіп жатыр.

Күнтізбелік жоспар негізгі 5 сыныбының пәндерге арналған жоспарынан, жеңілдетілген тақырыптар таңдап алынған. Әр пәннің өтуіне 45 минут уақыт бөлінген. Пән мұғалімдері сабақ кестесі бойынша сабақтарын өткізіп отыр. Ата-ана тарапынан шағым жоқ. Оқушының әр сабақтағы көңіл күйі, мінез құлқы, қатысуы туралы күнделік толтырылып отырады.

Үйде оқитын оқушысыда болу керек аталған құжаттар бар. *Қажетті құқықтық құжаттардың үйден оқыту жөніндегі нұсқау ережелері. *Білім бөлімінің бұйрығы. *Білім бағдарламасының сәйкестігі.(оқыту жоспары) *Мектеп құжаттарын толтыру барысында - ВКК анықтамасы -ПМПК қорытындысы. -Ата-ана өтініші. -Мектепшілік бұйрық. *Сабақ

кестесінің мектеп директоры және ата-ана келісімімен бекітілген нұсқасы. *Мұғалімнің дәрежесі, өтілі.

Ағылшын тілі аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша дүйсенбі, сәрсенбі күні. Ағылшын тілі бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілген. Оқушыдар оқу кітабы бар пәнге арналған дәптер және сөздік дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау уақыты жоспармен жүргізіледі.

Бектас ағылшын тілінен әліпбиін толық білмейді, кейбір әріптерден шатасады, бүгін қайталау жұмыстары болса келесі сабақта ұмытып қалуы мүмкін. Кітап жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды дәптерге көшіре алады. Сөздік жұмыстарында көшіріп жаза алады. Тақырыптық видеоларды көрсетіп қазақ тілінде қойған сұрақтарға жауап береді. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жақсы жауап береді.

Ағылшын тілі бойынша ата-анасы балаға көп көмек бере алмайды, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Берілген суреттерді бояйды, түрлі түсті қарандашпен жұмыс жасай алады. Сабақта көңіл күйі жақсы отырады, сұрағы болса сұрақ қояды. Ынталандырғанды мақтауды жақсы көреді.

Қазақ тілі аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша сейсенбі, бейсенбі күндері, қазақ әдебиеті аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша сәрсенбі, жұма күні. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілген. Оқушыда оқу кітабы бар пәнге арналған дәптер және көркем жазу дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау уақыты жоспармен жүргізіледі.

Бектас қазақ тілінен әліпбиді толық біледі, бірақ кейбір әріптерден шатасады. Сөздерді буынға бөліп оқығанда қиналады, мәтінді мұғалімнің көмегімен ғана оқиды. Сондықан көбіне аудио арқылы тыңдайды. Өткен тақырыпты ұмытып қалуы мүмкін. Оқулықтағы жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, тапсырмаларды дәптерге көшіре алады. Тақырыпқа қатысты қойған сұрақтарға жауап береді, мысал келтіре алады. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жауап береді.

Пән бойынша ата-анасы балаға көп көмек бермейді, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Көп жағдайда үй тапсырмасын орындамай, келесі сабаққа дайын отырмайды. Дәптерге баспа жазумен жазады. Көркем жазуға қиналады. Көшіріп жазуда, тапсырманы орындауда жай қимылдайды.

Математика пәні сабақ кестесі бойынша аптасына 3 рет, дүйсенбі, сейсенбі, жұма күндері. Оқу жылының басында математика пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілді. Оқушының математикадан оқу кітабы бар, пәнге арналған дәптер және оқу тапсырмаларын орындауға арналған дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері күнделікті жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау жоспар бойынша жүргізіліп отыр.

Бектас математика пәнінен көбейту кестесін толық білмейді, сандарды таниды. Қосу, азайту амалдарын орындай алады, бірақ бөлу амалынан қиналады. Бүгінгі өткен тақырыптарды келесі сабақта ұмытып қалуы мүмкін. Кітапта берілген жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, дәптерге көшіре алады. Тақырыптық видеоларды көрсетіп, қойған сұрақтарға жауап береді. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жауап бере алады.

Математика пәні бойынша ата-анасы балаға көп көмек бермейді, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Берілген суреттерді бояйды, түрлі түсті қарандашпен, фломастермен жұмыс жасай алады. Сабақта көңіл күйі жақсы отырады, сұрағы болса сұрақ қоя алады. Мақтағанды, мадақтауды ұнатады.

Ұсыныстар:

- оқушының үй тапсырмаларын орындауын қадағалау
- ата-анамен байланысты нығайту
- Сабақ барысында оқушыны қызықтыратын көрнекіліктер, акт материалдарын пайдалану

2021 жылдың 27-30 желтоқсан аралығында дене шынықтыру сабақтарында спорттық құралдарды мақсатты қолдануын бақылау мақсатында жүргізілген тақырыптық бақылаудың жүргізілуі туралы анықтама

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес «Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылдың 27-30 желтоқсан аралығында дене шынықтыру сабақтарында спорттық құралдарды мақсатты қолдануын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді. Бақылаудың комиссия мүшелері бекітіліп, жұмыс жоспары құрылды. Жұмыс жоспарына сәйкес мұғалімдердің іс-құжаттары, сабақ жоспарлары тексеріліп, сабақтарына қатыстырылды.

Дене шынықтыру сабақтары мен қатар сабақтан тыс іс-шаралар, спорттық сауықтыру жұмыстары бірталай міндеттерді атқарады. Осы міндеттердің тиімді шешімі болып сабақ жоспарының, мектеп спорттық жұмысының жоспарының дұрыс құрылуы мен ұйымдастырылуы саналады. Тек сонда ғана дене шынықтыру сабақтары мен спорт арқылы оқушының денсаулығын нығайту, дене шынықтыру құндылықтарын қалыптастыру үшін сабақ пен сабақтан тыс үрдістердің тығыз байланыста болу, оқушының жеке қабілеттерін, денсаулығын, қызығушылығын арттыру, спорттық секциялар, үйірмелер жүйесін дамыту міндеттері шешіледі. Ал оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру үшін, сабақ барысында тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Мектепте дене шынықтыру пәні бойынша 3 мұғалім сабақ береді. Олар Шайласов М.М, Смагулов Ж.А, Амантаев Б.А. Дене тәрбиесі процесін орындайтын негізгі сабақ -оқу сабағы. Оқу сабағы мұғалімнің басшылығымен арнайы бағдарлама , белгіленген сабақтар кестесі бойынша жүргізіледі. Дене тәрбиесі жүйесінде оқу сабағы 3-бөлімнен тұрады. Дайындық бөліміне :киім ауыстыру,спорттық жабдықтарды орналастыру, кезекшіге тапсырма беру, сапқа

тұру т.б. ,сабан басталарда рапорт беру, сабан міндетін хабарлау, көңіл бөлу жаттығуларын орындау жатады.

Пән мұғалімдерінің сабаққа қатысу барысында анықталғаны дайындық бөлімінде оқушылар сапқа тұрғызылып, кезекшінің рапорты тыңдалды. Сынып оқушыларының барлығы сабаққа дайындалып келген, спорттық киімдері бар. Оқушыларға сабақтың мақсаттары баяндалып, қозғалыс қасиеттерін дамыту мақсатында дайындық жаттығуларын орындатты.

Негізгі бөлімінде, волейбол ойнын ойнау кезеңінде допты жоғарыдан және төменнен екі қолмен қабылдауды, допты төменнен қабылдауды үйретті.

Сабақта түсіндірмелі-иллюстративті әдісті қолданды, оқушыларға жаттығуларды көрсетіп тұрып, орындатып отырды. Бұл тиімді әдіс болды деп айта аламын, себебі жаңа сабақты түсінбеген оқушылар болған жоқ. Оқушылар сабаққа қызығушылықпен белсенді қатысты. Жаттығулар дұрыс іріктеліп алынды, оқушылардың жүктемесі өзі мүмкіндіктерінен асқан жоқ. Тапсырманы орындау саны мен ұзақтығынормаға сай өткізілді. Сабақ процесінде қауіпсіздік шаралары сақталды.

Оқушының жан-жақты, ой-өрісі, тұлғасы жоғары деңгейде дамуында дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны мектеп кезінен бастап дұрыс жолға қойса, нәтижесі жемісті болады. Әр спорттың түрі оқушылардың қызығушылығын, дене бітімін ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар олардың ой-өрістері дамиды. Мысалы, шахмат, тоғызқұмалақ ойындары есте сақтау және математикалық қабілеттерді дамытады. «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына бейімдейді.

Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына дене шынықтыру сабақтары, сыныптан және мектептен тыс жаппай спорт жұмыстарына жатады.

Сабақ – дене тәрбиесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Дене шынықтыру сабақтары мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп ұжымында спорт секциялары жұмыс істейді, спорттың түрлерінен жаппай жарыстар өткізіледі, қоғамдық нұсқаушылар мен төрешілер дайындауда жоспарлы түрде жұмыс ұйымдастырылады, оқушылар спорт жұмысының көптеген түрлеріне қатысады.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт , табиғи факторлар жатады.

Ұсыныс: 1. Сабақта белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану

2. Сабақ барысында практикамен қатар теориялық мәліметтер беру

2022 жылдың 5-10 қаңтар аралығында жас мамандардың әдістемелік дайындығын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылаудың жүргізілуі туралы анықтама

«Алматы облысы білім басқармасының Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 5-10 қаңтар аралығында жас мамандардың әдістемелік дайындығын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылаудың жүргізілді.

Заманауи оқытушы – әрқашан да кәсіби деңгейі жоғары, педагогикалық дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды жақсы білетін әрі оларды өз сабақтарында тиімді пайдалана алатын, әрдайым ізденіс үстінде жүретін, білімін үздіксіз толықтырып, шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман болып шығуына қолайлы жағдай жасап, жан-жақты білім беретін, оқу-тәрбие ісін меңгерген тұлға. Арнайы педагогикалық білімі мен жұмыс өтілі жоқ, оқу орнын енді ғана тәмәмдаған жас мамандардың ұлағатты ұстаз атанып, оқушылардың сүйікті оқытушысына айналуы үшін біраз нәрсені үйренуі қажет. Осы орайда жас маманға әдістемелік, педагогикалық-психологиялық көмек қажет.

Мектептегі топтасқан жас ұстаздармен кәсіптік деңгейлерін қалыптастыру, әдістемелік көмек беру мақсатында тәлімгерлер тағайындалған болатын.

Осы бекітілген тәлімгерлерінен кеңес ала отырып, жас мамандар пәндері бойынша оқу жоспарын саралап, бағдарламаларымен танысып, тақырыптық-күнтізбелік жоспарларын құрып жыл бойы жұмыстанады. Жас мамандарға әдістемелік көмек беру, сабақ түрлерін ажырата білуге, сабаққа өзіндік талдау жүргізе білуге дағдыландыру мақсатында тәлімгерлер қыркүйек – қазан айларында жас мамандардың сабақтарына қатысқан болатын. Соның нәтижесінде «Сабақ түрлері, сабақ барысы және оған өзіндік талдау үлгілері» тақырыбында практикум оздырылды. Тәлімгерлер жас мамандардың сабақтарына қатысып, жас ұстаздардың сабақта өздерін ұстауын, оқушылармен қарым – қатынасын, өз білімі мен біліктілігіне сенімділіктің қажеттілігін, түрлі ақпараттық технологияларды пайдалана білуін, сабақтың жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкестігін назарға ұстады.

Бақылау барысында әр жаса маманмен кәсіби сұқбат жүргізіліп қандай әдіс – тәсілдер қолданады, қандай платформада жұмыс жасайды, сабаққа қалай дайындалатындығы туралы пікір алмасты

Математика пәні мұғалімі Асылбаева А

Сабаққа дайындалу барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Үй тапсырмасын тексеруде "серпілген сауал", тест сұрақтары, математикалық диктант, конверттегі сұрақ сияқты тәсілдер қолданды. Бағалауды әр тапсырмаға дескриптор құрастырып, сол арқылы, ауызша мадақтау арқылы да бағалайды. Тиімді әдіс тәсілдер ретінде "Броундық қозғалыс", "Пазл құрастыру", "Семантикалық кесте", Сабаққа дайындалуда smk.edu.kz, kundelik.kz, ust.kz, infourok.ru, quizizz.com т.б платформаларын пайдаланады. "Плюс, минус, қызықты", "үш сөйлем, "смс" т.б сынды түрлі кері байланыс түрлерін қолданады.

Биология пәні мұғалімі Ескельдинова Р

Білім ленд, смк, Елорда мектеп платформаларын қолданады. Әдіс-тәсілдерден : «Вен диаграммасы», «FILA», «Рольдік ойын», «Иә -жоқ», «Полиглот», «Шатаспа», «Сен маған, мен саған», «Интервью», «Постер қорғау», «Семантикалық карта», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Жариялау», «Түрткі сұрақтар», «Лездік сұрақтар», «Суреттер сөйлейді», «Еркін микрофон», «Кім жылдам», «ЖИГСО» әдістерін сабақта жиі қолданады.

Кері байланыс түрлерінен: БББ, Алма ағаш, Аяқталмаған сөйлем, 5 саусақ, Бас бармақ, СМС, Конверт, ПОПС әдістерін қолданады.

Орыс тілі пәні мұғалімі Даулетханова У

Орыс тілі сабағында сабаққа дайындалу барысында әр түрлі әдіс тәсілдерді мысалы: Приём "Фантазёр, мягкий знак или твердый знак? Приём "Знаю. Хочу узнать. Узнал осындай тәсілдерді қолданамын. Үй тапсырмасын тексеруде әр үй тапсырмасын формативті баллмен бағалайды және де бағалаудың әр тапсырмасына дескриптор құрастырады

Және де бастауыш сыныптарда "Две звезды одно желание". Сабаққа дайындалуда осындай smk.edu.kz, elorda.mekter т.б платформаларын пайдаланады. Кері байланысқа рефлексия, синквейн тағы да басқа сынды түрлі кері байланыс түрлерін қолданады.

2021-2022 оқу жылы мектепке келген жас мамандарымыз мектеппен, ұжыммен танысып, мектеп ережесі нұсқаулықтарымен және іс-құжаттармен жұмыс жүргізуді үйренді.

Мұғалім портфолиосын жасауға, күнтізбелік және сабақ жоспарын, өзіндік білім көтеру жоспарларын жасауға және мемлекеттік бағдарламалар бойынша жетекшілер өз деңгейінде бағыт бермейтіні анықталды. Сонымен қатар, жас мамандарды сабақтарына талдау жасауға үйретіп отыру қажет екендігін байқадым. Себебі, жас мамандар сабақтарын сауатты түрде талдап, сабақ кезеңдерінде орын алған кемшіліктер мен жетістіктерін нақты анықтай алмайды.

Жас мамандардан алынған сауалнама нәтижесі бойынша қиындық келтіріп жүрген мәселелер анықталып, шешімін табу көзделді.

- Ұсыныстар:**
1. Жас маман тәлімгер жұмысын жандандыру.
 2. Сабақ барысында әр түрлі платформалар пайдалану
 3. Белсенді әдіс-тәсілдер пайдалану.
 4. Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасын зерделеу мақсатында жүргізілген мектепшілік бақылау анықтамасы

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.

Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді

2022 жылдың 17-21 қаңтар аралығында қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасын зерделеу және әдістемелік көмек беру мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді. Бақылау тобы құрылып, жұмыс жоспары жасалынды. Жұмыс жоспарына сәйкес 17-21 қаңтар аралығында барлық пән мұғалімдерінің күнделікті сабақ жоспары тексерілді.

Тексеру барысында анықталғаны

Көркем еңбек пәні мұғалімі Жанысбаев М- қысқа мерзімді жоспары

күнтізбелік –тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Қмж 472 бұйрыққа сәйкес жасалған. Қысқа мерзімді жоспар көптеген түзетулерді қажет етеді. Жаңа тақырып түсіндірілмеген. Тапсырма берілмеген. Топта 5-6 оқушы бар алайда қысқа мерзімді жоспарды 3 топқа бөліп қойған. 5 бала топқа бөліне ма деген сұрақ туындайды. Сабақ жоспарында әдіс-тәсілдер қолданылмаған, пайдаланылған әдістер мақсатқа сай емес.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Абдельданова А- қысқа мерзімді жоспары 472 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Тапсырмаларға сәйкес критерий , дескрипторлар ұсынылған, бағалау жүйелі жүргізілген.

Асемова Г- қысқа мерзімді жоспары күнтізбелік –тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Тапсырмаларға сәйкес критерий, дескрипторлар ұсынылған.

Орыс тілі пәні мұғалімі Абдельданова Ж- қысқа мерзімді жоспары 472 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Сабақтың мақсатына жету үшін тапсырмалары толықтыруды қажет етеді.

Даулетханова У - оқу мақсаттары дұрыс емес. Психологиялық ахуал (қол шапалақтау) жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. *** белгісі көрсетілген. Ол нені білдіреді??? Бағалауды жүйелі жүргізу керек. Дескриптор ұсынылған алайда қай тапсырмаға берілгені белгісіз.

Бастауыш сынып мұғалімі Сембаева Ж- оқу мақсатына сабақ мақсаты сәйкес келеді. Тапсырмалар сабақ мақсатына сәйкес келеді. Бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақта белсенді әдістер қолданылған бірақ түрлендіруді қажет етеді.

Алтынбекова Н- қысқа мерзімді жоспары 472 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Тапсырмаларға сәйкес критерий , дескрипторлар ұсынылған, бағалау жүйелі жүргізілген.

Козыбаева Ш- Сабақ жоспары талапқа сай жасалған. Мақсатқа сәйкес тапсырмалар ұсынылған. Тапсырмаларға критерий , дескриптор берілген. Бағалау нақты көрсетілген. Алайда сабақ жоспарында ФЦ, МТ белгілері көрсетілген, ол нені білдіретіні белгісіз.

Қазақ тілі пәні бойынша Дарқанова А-сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келеді. Сабақтың барлық кезеңдері орынымен сақталған. Сабақ мақсатына сәйкес тапсырмалар берілген, бағалау жүйелі жүргізілген.

Нурмуханова С- тапсырмалар сабақ мақсатына негізделіп жасалған, бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келеді.

Информатика пәні мұғалімі Байжукенова А- сабақ мақсаты дұрыс емес. Тапсырмалар мақсатқа байланысты емес. Сабақта пайдаланылатын әдістерді түрлендіру қажет. Сабақта АКТ пайдалану

Математика пәні мұғалімі – Асылбаева А. Сабақ жоспары барлық талаптарға сай жасалған. Сабақ мақсаты оқу мақсатына негізделген. Тапсырмалар нақты және сабақ мақсатына жетуге бағытталған. Оқу

тапсырмасы берілмеген.

Салкеева III- сабақ мақсаты оқу мақсатына негізделіп жасалған. Тапсырмалар мақсатқа жетуге бағытталған. Бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдер қолданылған.

Тарих пәні мұғалімі Ақжолова М- сабақ жоспары талапқа сай құрылған. Белсенді әдістер пайдаланылған және олар сабақ мақсатына жетуге ұтымды алынған. Тапсырмалар нақты және түсінікті ұсынылған.

Қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек технологияларды кеңінен пайдалануға бейім екені баршамызға аян. Сондықтан оқушы қызығушылығын сабақтың тиімділігін арттыру үшін және жалпы болашақ қоғамға бейім құзыретті өкілдерді тәрбиелеу үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. «Сұранысқа сәйкес ұсыныс болуы тиіс» дегендей, заманның сұранысына қарай, талабына сай мұғалімдер де жұмыстануы тиіс.

Ұсыныс:

5. Іс-тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысуды қолға алу
6. Сабақ барысында әр түрлі платформаларды пайдалану.
7. Белсенді әдіс-тәсілдерді түрлендіріп пайдалану
8. Оқушылар бойында функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын енгізу.

СЭС талаптарының сақталуын тексеру анықтамасы

2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары негізінде мектепте 2022 жылдың 24-31 қаңтар аралығында СЭС талаптарының сақталуын тексеру мақсатында шолу жүргізілді.

Барлық мектептерде **қызметкерлер мен білім алушылардың температурасын өлшеу, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, кабинеттердің ауасын зарарсыздандыру (кварцтау) және дезинфекциялау шараларын жүргізу** керек. Білім беру ұйымдары дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Шолу барысында анықталғаны мектепте температуралық режим сақталған, оған арнайы журнал жүргізіледі. Күнделікті барлық мектеп қызметкерлері мен оқушыларының температурасы өлшенеті. Мектепте арнайы туннель, әр кабинетте санитайзерлер, антисептиктер орналасқан.

Мектеп ордасында болған карантин режимі талаптарының негізгі талаптары ретінде келесі факторларды атап өтуге болады: бетперде режимі сақталған, арақашықтық белгілері қойылған, бөлмелерге ылғалды тазалау және залалсыздандыру жүргізу кестесі бұзылмаған, сыныптардағы парталар арасындағы қашықтық сақталған. Сондай-ақ бактерицидтік шамдардың, санитайзерлер мен залалсыздандыру құралдарының жеткіліксіздігін анықталған жоқ.

Дәстүрлі түрде оқитын, кезекші сыныптарда бала қабылдау кезінде санитарлық нормалар басшылыққа алынған.

Мектепке келетін әрбір қызметкер мен оқушы арнайы бетперделермен, ара қашықтықты сақтай отырып білім алуа.

Мектеп дезинфекциялық және жуғыш заттармен қолды өңдеуге арналған антисептик қорымен қамтамасыз етілді.

Температураны өлшеу, қорғаныш құралдарын уақытылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу жабдықтары мен мұқаммаларды өңдеу талапқа сай орындалуда.

Мектепке кірер кезде қызметкерлермен оқушының дене температурасын өлшеуге арналған аппараттарды қолдана отырып, дене қызуын тексеру тұмау симптомдарының бар-жоғын тексеру, ал COVID-19 (құрғақ жөтел, жоғары температура, тыныс алудың қиындауы т.б) жоққа шығармайтын симптомдары бар адамдар үшін оқшаулауды басты назарға алуа.

Ұсыныс: 1. Маскалық режимді қатаң сақтау

2. Пән кабинеттерінде карантиндік шектеулерді сақтау

2021 жылдың 21-24 желтоқсан аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын бақылау туралы мәлімет

Жаратылыстану-математика пәндер бірлестігі бойынша 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес әзірленген. (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық), «Математика» оқу пәні бойынша оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарымен (жаңартылған мазмұнның оқу жүктемесімен) (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы); ҚР БҒМ міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығы (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы; «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспары; ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары»; «Орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар», ҚР БҒМ 2017 жылғы «24» сәуірдегі № 182 бұйрығы), «Орта білім беру ұйымдарында 2021 - 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығына сүйене отырып, 5-сыныпқа математика, 8-9-10 сыныптарға алгебра және геометрия пәндерінен тақырыптық - күнтізбелік жоспар құрылып, әдістемелік

бірлестікте қаралып, оқу ісі меңгерушісі тарапынан келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. 10 сынып қоғамдық - гуманитарлық бағыт бойынша оқытылды. Сабақта математика, алгебра және геометрия пәні бойынша оқу бағдарлама, әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды, сонымен қатар <http://smk.edu.kz/>, <https://sabaqtar.kz/matem/>, <https://bilimland.kz/kk>, <https://infourok.ru/>, <https://itest.kz/kz/matematika>, тағы басқа сайттарынан қосымша материалдар алып, сабақта қолданып отырдым.

Математика пәні бойынша бағдарлап оқытылуы туралы мәлімет:

5 сыныпта математика пәні аптасына-5 сағат , оқу жылында – 170 сағат

8 сыныпта алгебра пәні аптасына-3 сағат , оқу жылында – 102 сағат

8 сыныпта геометрия пәні аптасына - 2сағат, оқу жылында – 68 сағат

9 сыныпта алгебра пәні аптасына-3 сағат, оқу жылында – 102 сағат

9 сыныпта геометрия пәні аптасына - 2сағат, оқу жылында – 68 сағат

10 сыныпта алгебра пәні аптасына-3 сағат, оқу жылында – 102 сағат

10 сыныпта геометрия пәні аптасына - 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

Жоспар бойынша тақырыптар толығымен уақытылы өтілді.

Күнгізбелік - тақырыптық жоспарға сәйкес:

Математика 5 сыныпта 10 – бөлім бойынша жиынтық бағалаудың 4 БЖБ

4 – тоқсандық жиынтық бағалаудың 2 ТЖБ;

Алгебра 8 сыныпта 7 – бөлім бойынша жиынтық бағалаудың 3 БЖБ

4 – тоқсандық жиынтық бағалаудың 2 ТЖБ;

Геометрия 8 сыныпта 6 – бөлім бойынша жиынтық бағалаудың 3 БЖБ

4 – тоқсандық жиынтық бағалаудың 2 ТЖБ;

Алгебра 9 сыныпта 8 – бөлім бойынша жиынтық бағалаудың 4 БЖБ

4 – тоқсандық жиынтық бағалаудың 2 ТЖБ;

Геометрия 9 сыныпта 8 – бөлім бойынша жиынтық бағалаудың 4 БЖБ

4 – тоқсандық жиынтық бағалаудың 2 ТЖБ;

Жоспарланған сабақтар толық өтілді. Білім стандарты толықтай орындалды.

Пән бойынша бағдарлап оқытылуы туралы мәлімет:

5 сыныпта математика пәні аптасына – 3 сағат , оқу жылында – 102 сағат. Жыл бойынша 10 БЖБ, 4 ТЖБ. Оның ішінде 1 жартыжылдықта 4 БЖБ, 2 ТЖБ алынды.

6 сыныпта математика пәні аптасына – 5 сағат , оқу жылында – 170 сағат. Жыл бойынша 10 БЖБ, 4 ТЖБ. Оның ішінде 1 жартыжылдықта 4 БЖБ, 2 ТЖБ алынды.

7 сыныпта алгебра пәні аптасына – 3 сағат , оқу жылында – 102 сағат. Жыл бойынша 7 БЖБ, 4 ТЖБ. Оның ішінде 1 жартыжылдықта 4 БЖБ, 2 ТЖБ алынды.

7 сыныпта геометрия пәні аптасына – 2 сағат, оқу жылына – 68 сағат. Жыл бойынша 7 БЖБ, 4 ТЖБ. Оның ішінде 1 жартыжылдықта 4 БЖБ, 2 ТЖБ алынды.

Химия пәні бойынша

7 сыныпта химия пәні аптасына – 1 сағат, оқу жылына – 34 сағат. Жыл бойынша 4 БЖБ.

Оның ішінде 1 жартыжылдықта 2 БЖБ алынды.

8 сыныпта химия пәні аптасына – 2 сағат , оқу жылында – 68 сағат. Жыл бойынша 4 БЖБ, 4 ТЖБ. Оның ішінде 1 жартыжылдықта 2 БЖБ, 2 ТЖБ алынды.

9 сыныпта химия пәні аптасына – 2 сағат , оқу жылында – 68 сағат. Жыл бойынша 4 БЖБ, 4 ТЖБ. Оның ішінде 1 жартыжылдықта 2 БЖБ, 2 ТЖБ алынды.

10 сыныпта химия пәні аптасына – 1 сағат , оқу жылында – 34 сағат. Жыл бойынша

Биология пәні 7,8,9 - сыныптарда аптасына 2 рет, -10 – сыныпта аптасына 1 рет жүргізіледі. Жалпы сағат саны 7,8,9 – сыныптарда 68 сағат. 10 сыныпта 34 сағат.

Информатика пәні 5-10 – сыныптарда, АКТ 4- сыныпта аптасына 1 сағат жүргізіледі.

Жалпы сағат саны 34сағат. І жарты жылдық қорытынды бойынша информатика пәнінен сыныптарда өтілген сағат сандары және БЖБ сандары төмендегі кесте көрсетілген.

География пәні бойынша бағдарлап оқытылуы туралы мәлімет:

5 сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат .

6 сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат .

сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

Жаңартылған мазмұндағы 7-9 сыныпқа арналған «Физика» пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүietанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Жаңартылған бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – физика шамаларын тәжірибе жүзінде анықтау, қолдағы құралдармен тәжірибе өткізу, көрсеткіштерді оқи білу және нәтижені талдау. Осыған байланысты, бұл қосылған тәжірибелік есептердің есесінен, оқу бағдарламасының әрбір бөлімшесі кем дегенде 3 практикалық жұмыстардан тұрады.

«Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша

✓ 7-сыныпта 10 зертханалық жұмыс және 22 практикалық жұмыстан тұрады.

✓ 8-сыныпта 11 зертханалық жұмыс және 30 практикалық жұмыстан тұрады.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің практикалық бөлімі бұл мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Пәндер бойынша сабақта жасалатын практикалық және зертханалық жұмыстарды талдау, жинақтау, бағалау, болжау, есептеу, түсіндіру, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтау, жобалық тапсырмалар орындау, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Физика мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады.

Физиканы оқытудың практикалық бағыттылығын жүзеге асыру үшін

✓ 9-сыныпта: 4 зертханалық жұмыс, 16 практикалық жұмыс жүргізіледі.

10-11-сыныптардағы физика курсына оқу мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүietанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері мынадай болып табылады:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

«Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

1-жартыжылдықта физика пәні бойынша берілген зертханалық және практикалық жұмыстар өткізілді, сағат сандары толық, білім стандарты толығымен орындалды.

8-14 ақпан аралығында МАД тобы жетекшісіне әдістемелік көмек көрсету мақсатында жүргізілген бақылау анықтамасы

2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары негізінде мектепте 8-14 ақпан аралығында МАД тобы жетекшісіне әдістемелік көмек көрсету мақсатында жеке бақылау жүргізілді. Бақылау үшін жұмыс жоспары жасалынып, жұмыс тобы құрылды.

Мектепте МАД тобының жетекшісі Касенова Бакыт Асылбековна . Жұмыс өтілі-8 жыл. Топта барлығы 6 оқушы бар. Мектепалды даярлық тобы 5 сала бойынша жұмыс жасайды:

Денсаулық

Коммуникация

Шығармашылық

Әлеуметтік орта

Таным

Мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы, зияткерлік, дене дамуын, олардың білімді игеруге дайындығын қамтамасыз ету, оқу әрекетін меңгеру үшін балада тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талап санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, рұқсат етілген көлем мен ұзақтықты қамтамасыз ету. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі-20 сағатты құрайды, ұзақтығы 25-30 минут. Вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесі-3 сағатты құрайды.

Бақылау барысында анықталғаны шығармашылық білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер балалар 1 - 20 деңгейін сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені балалар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді.

Сабақта дидактикалық ойынды қолдану пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді.

Күнделікті сабақ барысында мынадай ойын түрлері қолданылады:

“ Суретті аяқта”, “ Көліктер”, “ Құс бейнесін құрастыр”, “ Кім жылдам”, “Қиялдағы сурет”, “ Ұлттық киімдерді ата”, “Жылы - суық”, “Ғажайып алаң”, “Өрнектерді құрастыр”, “Біздің қаланың көліктері”, “Қуыршақты киіндір” “Сиқырлы гүл”, “Аңдар мектебі”, “Суреттей біл”, “Өз жұбыңды тап”, “Лото” т. б.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- Сыныпта тыңдалым жақсы
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие
- әр бала өзінің білетінін жасай алады

Ұсыныс:

1. Біліктілікті арттыру курсына қатысу
2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына, шағын орталықтың ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу
3. Сабақты түрлендіріп жаңаша әдіс-тәсілдер пайдалана отырып өткізу.

2022 жылдың 15-21 ақпан аралығында тәлімгерлік үдерісті бақылау мақсатында жүргізілген тексеріс анықтамасы

Мектепте 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары негізінде 2022 жылдың 15-21 ақпан аралығында тәлімгерлік үдерісті бақылау мақсатында мектепшілік бақылау жүргізілді.

Бақылау үшін жұмыс жоспары жасалынып, бақылау тобы құрылды.

Тәлімгерлік – бұл тұрақты диалог, тұлғааралық қарым-қатынас, демек, ұстаз, ең алдымен шыдамды және мақсатқа ұмтылған болуға тиіс. Өз жұмысында жас педагог, ол қолдануға тиіс неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл түрлері: іскерлік және рөлдік ойындар, "шағын топтармен жұмыс", жағдайларды талдау, тілді дамытатын, іскерлік коммуникацияны, жеке көшбасшылық қабілетін, шешім қабылдай білу, дәлелді тұжырымдау.

Оқы жылының басында тәлімгерлер тағайындалған 4 жас маман болды. Қазіргі уақытта 3 жаса маман бар, тәлімгерлері тағайындалған. Олар Даулетханова У.Р-Асимова Г.С, Асылбаева А.Б-Салкеева Ш.Р, Ескелдинова Р.Ж-Нурмуханова С.Т. 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары құрылған. Тексеру барысында анықталғаны жас маман Асылбаева А.Б, жетекшісі Математика пәні мұғалімі Салкеева Ш.Р.

2021-2022 оқу жылында жас маман Асылбаева Әйгерімге тәлімгер болып тағайындалған. Ең алдымен жас маманды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырған. Оқу жылының басында әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және пәндер бойынша оқу бағдарламасымен таныстырып және түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Сағат жүктемесін ескере отырып, сабақ кестесі мен күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құрастыруда, сондай –ақ, күнделікті сабақ жоспарларын әзірлеуде, электронды журналды дұрыс толтыруға бағыт-бағдар беру жұмыстары жүргізілген. Күнделікті сабақтарға қажетті әдістемелік және дидактикалық материалдарды, сабаққа қажетті ресурстарды алуға, тиімді әдіс-тәсілдермен таныстырып, сабаққа тиімдісін қолдануға көмек беріп отырады. Жиынтық бағалау тапсырмаларымен таныстыра отырып, оны тексеру және талдау жүргізу жұмыстарын жасауда көмек көрсетілген.

Жас маманның жұмысын бақылауда оның сабақтарына, сыныптан тыс өткізген іс-шараларына қатысып, сабақты өткізген соң толық талдау жасап отырған. Жыл бойынша сабаққа қатысу кестесі құрылған тәлімгер-жас маман және де басқа да пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу жақсы жолға қойылған.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Даулетханова Умидаға ағылышын тілі пәні мұғалімі Асимова Г.С тәлімгер болып тағайындалған болатын. Қыркүйек айынан бастап жұмыс жоспары құрылған. Жас маманмен жұмыс жасаудағы мақсаты жас маманға педагогикалық, практикалық көмек көрсету, жаңашылдыққа үйрету. Өзара сабаққа қатыса отырып сабақ беруді әдістемелік көмек көрсету. Пән бойынша мұғалімге күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды жүргізуге, бжб, тжб тапсырмаларын дайындауда, сабақ жоспарын жоспарлауда көмек көрсетілді.

Ұсыныс: 1. Жас мамандарды біліктілікті арттыру курстарына қатыстыру.

2. Жас мамандардың іс-тәжірибе жинау мақсатында үнемі кесте бойынша сабаққа қатысуын ұйымдастыру.

3. Аудандық семинарларға жіберу, қатыстыру

**2022 жылдың 22-28 ақпан аралығында 2-11 сыныптарда
олқылықтардың орнын толтыру жұмыстарының жүргізілу деңгейін
анықтау мақсатында жүргізілген тексеріс анықтамасы**

Мектепте 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жоспары негізінде 2022 жылдың 22-28 ақпан аралығында 2-11 сыныптарда олқылықтардың орнын толтыру жұмыстарының жүргізілу деңгейін анықтау мақсатында жекелей бақылау жүргізілді.

2021-2022 оқу жылының өзекті міндеттерінің бірі өткен оқу жылындағы білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және білімін толықтыру болып табылады. Олқылықтарды анықтау және толықтыру бойынша жұмыс әр мұғалім қызметінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Әрине, бұл жұмыс маңызды және өте күрделі. Сондықтан білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және жою бойынша іс-шараларды жүйелі және жоспарлы түрде жүргізу қажет.

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім сапасында жіберілген олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру мақсатында жұмыс жоспары құрылып бекітілді.

Мақсаты: Оқушыларының білім алу деңгейін, білім алу дағдысы мен біліктілігін арттыру, оқу процесінің сапасын жақсарту.

Жоспарға сәйкес өткен оқу жылындағы пәндердің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жүргізілді. Осы диагностика қорытындысына сәйкес жекелеген пәндер бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру жоспары құрылып, сабақ кестесі жасалды. Жаңа бағдарламаға сәйкес келмейтін өткен оқу жылының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша біліміндегі олқылықтары бар оқушылардың тізімі бекітілді. Білім сапасында жіберілген кемшіліктердің орнын толтыру үшін консультациялық сабақтар күнделікті сабақтан тыс және сабақ уақыттарында жүргізіліп жатыр.

Қыркүйек айының 1- аптасында білім сапасында жіберілген олқылықтардың орнын толтыру, қалпына келтіру және жаңа оқу жылындағы бағдарламалық мақсаттардың меңгерілуін қамтамасыз ету бойынша «Білім сапасында жіберілген олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру» жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Өткен оқу жылындағы пәндердің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша 2-10 сыныптарда негізгі пәндерден мектеп әкімшілігі тарапынан диагностикалық бақылау жұмыстарын алынды.

Пәндер бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын әр пән мұғалімдері құрып, пән мұғалімдері білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Оқу бағдарламасы негізінде білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында күрделі оқу мақсаттарын кіріктіріп, сабақ жоспарлау ұсынылады. Ол үшін мұғалім оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан диагностикалық бақылау жұмыстары алынды.

Әр сыныптарда өткен оқу жылының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша біліміндегі олқылықтары бар оқушылардың тізімі жасалынды.

Сонымен қатар пән мұғалімдер тарапынан тоқсан басында, тоқсанның аяғында диагностикалық бақылаулар алынып, салыстырмалы мониторинг жүргізілуде.

Пәндер бойынша пән мұғалімдері аптасына бір рет білімінде жіберілген кемшіліктердің орнын толтыру үшін анықталған сынып оқушыларымен әр түрлі тапсырмалар орындату арқылы жұмыстар жүргізіп отыр. Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасалынды.

3-тоқсанның қорытындысы бойынша әр сыныптың білім сапасы, пәндер бойынша өткен оқу жылымен салыстырмалы түрде мониторинг жүргізілді.

Ұсыныс:

- 1) пәнді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін (*саралап оқыту, кейс-стади, тақырыптық талқылау, іскерлік ойын, жобалық және зерттеу жұмыстары, модульдік оқыту және т.б.*) қолдану;
- 2) білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін әзірлеу және талдау жұмысын жоспарлау;
- 3) білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында жүзеге асырылған оқу мақсаттарын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда ескеру;
- 4) БЖБ, ТЖБ нәтижелері негізінде білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және талдау;
- 5) үлгерімі төмен оқушылармен жоспарлы түрде жұмыс жүргізу

Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарды жоспарлауы туралы анықтама

Мектепте әр пән бойынша күнтізбелік - тақырыптық жоспар ҚР Білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы нормативтік-құқықтық құжаттарды, сонымен қатар «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын негізге ала отырып жасалу керектігі туралы педагогикалық кеңесте, әр бірлестік отырыстарында қаралып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық)
- "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығы.
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары («Өзін-өзі тану» пәні бойынша 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);
- "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы

Көрсетілген нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылатыны туралы әр бірлестік отырысында қаралып, талқыланды.

Алайда, тақырыптық – күнтізбелік жоспарлау жасауда түсінік хатта нормативтік-құқықтық құжаттарды дұрыс алынбағаны, оқу бағдарламасынан көшіріп алғандары, сабақ реттілігінің дұрыс қойылмауы, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

білім беру ұйымдарының педагогтары жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын басшылыққа алынбағаны, сағат сандары, күн реттілігінің дұрыс қойылмауы, т.б. кемшіліктерге жол берілгені анықталып, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетілді.

Ұсыныс:

- Тақырыптық – күнтізбелік жоспар жасауда 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы нормативтік-құқықтық құжаттарды, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын басшылыққа алу.
- Пәндер бойынша әр тоқсандағы сағат сандары, күн реттілігінің дұрыс қойылуын назарда ұстау.

Бастапқы бақылау кесіндісінің жүргізілуі туралы мәлімет

«Жетісу облысы білім басқармасының Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 26.09-30.09 күндері аралығында бастапқы бақылау кесіндісі алынды.

Бастапқы бақылау кесіндісінің қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті.

3-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысқаны	0-39%	40-84%	85-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Дүниетану	8	7		6	1	100	83	Алтынбекова Н.М
Қазақ тілі	8	7		6	1	100	71.4	Алтынбекова Н.М
Математика	8	7	2	1	4	100	85	Алтынбекова Н.М
Әдебиеттік оқу	8	7	2	1	4	100	71%	Алтынбекова Н.М
Жаратылыстану	8	7		4	3	100	71	Алтынбекова Н.М
Ағылшын	8	8		4	3	1	50	Асеева Г.С

4-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысқаны	0-39%	40-84%	85-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Дүниетану	8	8	1	6	1	100	63	Козыбаева Ш.Ш
Қазақ тілі	8	8	3	3	2	100	45	Козыбаева Ш.Ш
Математика	8	8	3	3	2	100	45	Козыбаева Ш.Ш
Әдебиеттік оқу	8	8	3	3	2	100	57	Козыбаева Ш.Ш
Жаратылыстану	8	8	3	3	2	100	63	Козыбаева Ш.Ш
Орыс тілі	8	8	2	4	1	100	55	Даулетханова У
Ағылшын	8	8	5	3		100	37	Абдельданова А.М

5-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысканы	0-39%	40-84%	85-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Дүниетану	15	15	3	4	8	100	53	Сембаева Ж.Е
Қазақ тілі	15	15	4	4	7	100	53	Сембаева Ж.Е
Математика	15	15	3	5	7	100	46	Сембаева Ж.Е
Әдебиеттік оқу	15	15	2	4	9	100	60	Сембаева Ж.Е
Жаратылыстану	15	15	2	4	9	100	60	Сембаева Ж.Е
Ағылшын тілі			5	2	1	100	37	Абдельданова А.М

6-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысканы	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі	12	11		3	3	-	100	50	Абдельданова А.М
Қазақ әдебиеті	12	11		5	5	1	100	54,5	Нурмуханова С.Т
Қазақ тілі	12	11		7	4		100	36,3	Нурмуханова С.Т
Математика	12	11		5	6		100	54,5	Салкеева Ш.Р
Жаратылыстану	12	11		6	5		100	45	Жанысбаева Г.А

7-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысканы	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі	10			3	2	-	100	40	Абдельданова А.М
Қазақ тілі	10	9		5	4		100	40	Дарқанова А.Д
Қазақ әдебиеті	10	9		4	5		100	50	Дарқанова А.Д
География	10	9		5	4		100	44.4	Жанысбаева Г.А
Қазақстан тарихы	10	10		5	5		100	55	Ақжжолова М.О

8-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысканы	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі	10	10		2	3	-	100	40	Абдельданова А.М
Қазақ тілі	10	10		5	5		100	40	Дарқанова А.Д
Қазақ әдебиеті	10	10		6	4		100	40	Дарқанова А.Д
География	10	10		5	5		100	50	Жанысбаева .А
Физика	10	10		6	4		100	40	Усманова И.Ж
Қазақстан тарихы	10	10		5	5		100	50	Ақжжолова М

9-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысканы	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі				4	2	-	100	33	Абдельданова А.М

Қазақ әдебиеті	11	11		6	4		100	45,4	Дарқанова А.Д
Қазақ тілі	11	11		6	4		100	40	Дарқанова А.Д
Алгебра	11	11		6	5		100	45,5	Салкеева Ш.Р
География	11	11		7	4		100	36	Жанысбаева Г.А
Физика	11	11		6	5		100	45	Усманова И.Ж
Биология	11	11		7	4		100	36	Амиралинова М.Ж
Химия	11	11	1	6	4		100	36	Амиралинова М.Ж

10А-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысқаны	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі	10	10		3	2	-	100	40	Абдельданова А.М
Қазақ тілі	10	10		3	5	1	100	60	Нурмуханова С.Т
Қазақ әдебиеті	10	10		4	3	4	100	60	Нурмуханова С.Т
Алгебра	10	10		5	5		100	50	Салкеева Ш.Р
География	10	10		5	5		100	50	Жанысбаева Г.А
Физика	10	10		6	4		100	40	Усманова И.Ж
Қазақстан тарихы	10	10		6	5		100	60	Ақжолова М
Орыс тілі	10	9		2	4	1	100	55	Смагулова А.Р
Биология	10	10		5	4		100	40	Амиралинова М.Ж
Химия	10	10	1	5	4		100	36	Амиралинова М.Ж

10Б-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысқаны	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі	9	9		5	3	1	100	44	Асеева Г.С
Қазақ тілі	9	8		4	3	1	100	50	Нурмуханова С.Т
Қазақ әдебиеті	9	8		4	3	1	100	50	Нурмуханова С.Т
Алгебра	9	9		4	5		100	55	Салкеева Ш.Р
Физика	9	9		5	4		100	44.5	Усманова И.Ж
Қазақстан тарихы	9	9		4	5		100	55	Ақжолова М
Химия	9	9		5	4		100	40	Амиралинова М.Ж
Биология	9	9		5	4		100	44	Амиралинова М.Ж

11-сынып

Пән аттары	барлығы	қатысқаны	0-26%	27-50%	50-76%	77-100%	О/ү %	Білім сапасы %	Пән мұғалімі
Ағылшын тілі	10	10		3	2	-	100	40	Абдельданова А.М
Қазақ тілі	10	10		3	5	1	100	60	Нурмуханова С.Т
Қазақ әдебиеті	10	10		4	3	4	100	60	Нурмуханова С.Т

Алгебра	10	10		5	5		100	50	Салкеева Ш.Р
География	10	10		5	5		100	50	Жанысбаева Г.А
Физика	10	10		6	4		100	40	Усманова И.Ж
Қазақстан тарихы	10	10		6	5		100	60	Ақжолова М
Орыс тілі	10	9		2	4	1	100	55	Смагулова А.Р
Биология	10	10		5	4		100	40	Амиралинова М.Ж
Химия	10	10	1	5	4		100	36	Амиралинова М.Ж

Оқушылардың БДМ деңгейлерін анықтау мақсатында алынған бастапқы бақылау қорытындысы бойынша 3-4 сыныртарда математика , қазақ тілі. 5-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы математика, биология,химия, алгебра, физика пәндерінен төмен білім сапасын көрсеткені анықталды.

Ұсыныс:

1. Анықталған олқылықтар бойынша жұмыс жоспары құрылып бекітілсін.
2. Әр пән мұғалімі нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізсін
3. Төмен нәтиже көрсеткен 3-4 сыныртарда математика , қазақ тілі. 5-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы математика, биология,химия, алгебра, физика пәндері мектепшілік бақылауға алынсын.

1-10 сыныптардың электронды журналдарының толтырылуы туралы анықтама

Білім беру ұйымадры білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысанын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, сынып журналы орта білім беру ұйымының әрбір мұғалімі жүргізуге міндетті болып табылатын мемлекеттік құжат.

Оқу жылының басында мұғалімдердің күнделік.кз порталында электронды журналды толтыруда бірыңғай орфографиялық талаптардың сақталуына талдау жасалынып, электронды нұсқада сынып журналдарын толтыру ережелері аясында сынып жетекшілерге және пән мұғалімдеріне нұсқаулық берілді.

27.09-05.10 аралығында мұғалімдердің күнделік.кз порталында электронды журналдардың талапқа сай жүргізілуі қадағаланды. Алайда, қадағалау барысында пән мұғалімдері тақырыптық күнтізбелік жоспарды толық

жоспарламағаны, үй тапсырмаларын уақытылы жазбаған, сабақ өткізілді белгісіне құсбелгісін уақытылы дұрыс қойылмағандықтары анықталды.

Атап айтатын болсақ, Жанысбаев М, Ахметқалиева Б., Сембаева Ж., Смагулов Ж. күнтізбелік тақырыптық жоспарлаулары толық дұрыс жарияланбаған. Байжуkenова А., Ескельдинова Р., Жанысбаев М., Ахметқалиева Б., Амантаев Б., Козыбаева Ш, Смагулова Ж. үй тапсырмалары уақытылы толтырылмағандықтан, үй тапсырмаларын уақытылы толтырылу деңгейі төмен. Жанысбаева М. сабақ өткізілді белгісі уақытылы қоймаған.

04.10.2021 күнгі есеп бойынша ҮТ бар сабақтар – 98,76%, ҮТ уақытылы толтыру – 37,97 %, Тақырыптарды толтыру – 97,79%, Жоспарлауды жүргізу 98,94 %, бағалар қойылған журанлдар саны -279, журналды жүргізу – 93,28%, Журналды уақытылы жүргізу -39,67 %.

Мектеп мұғалімдерімен күнделік.кз порталында электронды журналдардың талапқа сай жүргізілуі барысында кеткен кемшіліктері айтылып, ескерту жасалынды. Кеткен кемшіліктер бойынша нұсқаулар берілді.

Ұсыныстар:

1. Күнделік.кз электронды журналын уақытылы толтырылуы бақылауға алынсын.

«Жаһандық құзіреттілік» курстарының ұйымдастырылуы және жүргізілу сапасын бақылаудың жүргізілуі туралы анықтама

«Алматы облысы білім басқармасының Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021жылдың 18-29 қазан аралығында «Жаһандық құзіреттілік» курстарының ұйымдастырылуы және жүргізілу сапасын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылау жүргізілді.

«Жаһандық құзіреттілік» курстарының ұйымдастырылуы және жүргізілу сапасын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылаудың жұмыс жоспары жасалып бекітілді, комиссия тобы құрылды.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзіреттіліктер» курсы жүргізіледі.

5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»

6-сыныпта «Экология»

7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»

8-сыныпта «Медиасауаттылық»

9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»

10-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жатады.

Бақылау барысында топ мүшелерімен бірігіп жұмыс алаңын ұйымдастырдық. Жұмыс алаңында «Жаһандық құзіреттілік» курстары бойынша интернет ресурстармен жұмыс жасап, курс туралы ақпарат жинап ой бөлістік.

«Парасаттылық және әдеп» курсы 5 сыныпта жүргізіледі, мұғалімі-Сембаева Ж.Е, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. «Парасаттылық және әдеп» курсы білім алушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді. 5 сыныпқа арналған «Парасаттылық және әдеп» курсы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің тапсырмасымен «Парасаттылық мектеп» авторлық бағдарламасы және ҚР ның жалпы орта білім беру мекемелеріне арналған курсы бағдарламасы Құрастырушы А.Қ.Данкенованың бағдарламасы негізінде жасалған. Курстың мақсаты: Оқушылардың әдеп мәдениетті дамытудағы адамдарды тәрбиелеудегі рөлін т.сіндіру, оның тұлғааралық қатынастарды ұйымдастырудағы маңыздылығын көрсету.

«Экология» курсы 6 сыныпта жүргізіледі мұғалімі- Жанысбаева Г.А, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Ғ.Сағымбаев «Экология негіздері», Ә.Бейсенов, Ж.Шілдебаев «Экология» әдебиеттерді пайдалана отырып жоспар құрылды. «Экология» курсы білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді. Курстың мақсаты: Экологиялық білімді қалыптастыра отырып денсаулық қорғауға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын үйрете отырып, табиғат байлықтарын ұтымды пайдаланып, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

Жоспар құрылып, жоспар бойынша сабақтар өтіліп жатыр.

Күнделікті қысқа мерзімді жоспары бар. Мұғалімнің «Дүниежүзілік экологиялық проблемалар» 19.10.21 жылы тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақ барысында оқушылар белсенді қатысты. Видеоролик көрсетілді.

«Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» курсы 7 сыныпта жүргізіледі, мұғалімі- Салкеева Ш.Р. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты құрайды. Пәннің мақсат-міндеттері айқындалған. Мұғалімнің «Қақтығыстарды шешу қабілеті және көшбасшылық» тақырыбындағы сабағын қатыстым. Жаңаша әдіс тәсілдерді пайдалана отырып сабақ өткізілді. ҚМЖ 472 бұйрыққа негізделініп жасалған. Бұл курста оқушылар өз ойларын ашық білдіруге, сауатты сөйлеуге, өз пікірлерін дәлелдеуге үйренеді. Мұғалім тарапынан оқушыларға қосымша ақпараттар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс жасау түрлері туралы көптеген көмектер беріліп отырады екен.

«Медиасауаттылық» курсы 8 –сыныпта жүргізіледі. Пән мұғалімі – информатика пәні мұғалімі Байжукенова А.К. Бақылау барысында анықталғаны мұғалімнің күнтізбелік тақырыптық жоспарлауы бар, түсінік хатында ақпараттар көрсетілген. Қысқа мерзімді жоспарлары жазылған бірақ толықтыруды қажет етеді. Жоспарға сәйкес сабақтары өткізіліп отырады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 9 сыныпта жүргізіледі, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Оқыту курсы бағдарламасын жоспарлауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығы негізге алынып жоспар құрылған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар бағдарламаға сәйкес құрылған. Пәннің мақсат, міндеттері айқындалған. Күнделікті қысқа мерзімді жоспары бар. Мұғалімнің «Индуизм. Конфуциандық. Даосизм. Синтаизм. Иудизм. Тора және Талмуд» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақ барысында оқушылар белсенді қатысты.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы 10 сыныпта жүргізіледі, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Оқыту курсы бағдарламасын жоспарлауда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспары негізге алынып жоспар құрылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар бағдарламаға сәйкес құрылған. Пәннің мақсат, міндеттері айқындалған. Күнделікті қысқа мерзімді жоспары бар. Мұғалімнің «Нарықты тепе-теңдік» тақырыбындағы сабағына қатысты. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Бақылаудың соңғы күні жалпы «Жаһандық құзіреттілік» курсы туралы таныстырылым жасалды. Бақылау тобының шығарған қорытындысы осы курстар бойынша жылдың аяғына дейін материалдар жинақтап, жоспарын құрып авторлық бағдарлама жасап қорғау ұсынылды.

Ұсыныс:

1. Сабақ жоспарлауда оқушылардың қызығушылығын арттыратын тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану.
2. Шығармашылық тапсырмалар ұсыну.
3. «Жаһандық құзіреттілік» курстары бойынша авторлық бағдарлама жасап, іс-тәжірибесін аудан көлемінде тарату

Бастауыш сыныптардағы үй тапсырмаларының көлемі және берілу сапасын бақылау мақсатында жүргізілген тақырыптық бақылау анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 18.01-24.01.23күндері аралығында бастауыш сыныптардағы үй тапсырмаларының көлемі және берілу сапасын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді.

Үй тапсырмасы — сыныптағы сабақтардан кейін мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқу және тәжірибелік жұмысты оқушының өздігінен орындайтын оқу процесінің құрамдас бөлігі. Үй жұмысы оқушының бүкіл оқу жұмысының бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Үйге берілген тапсырмаларды оқушының үнемі орындап, дұрыс ұйымдастырып отыруы оның жақсы үлгіруіне керекті шарттың бірі болып табылады. Мектеп оқушыларының оқуды үлгірмеуіне әкеліп соғатын себептердің көп таралған бір түрі үйге берілген тапсырмаларды қанағаттанарлықсыз орындауы, ал мұның өзі көбінесе үйге берілетін тапсырманың шамадан тыс көп беруден болады.

Оқушыларға кейде ақыл-ой күшін көп жұмсауды талап ететін тапсырмалар ғана емес, тіпті дене күшін орасан мол жұмсауды керек қылатын тапсырмалар беріледі. Шамасы келмейтін тапсырманы алған оқушылардың бірсыпырасы оларды орындауды мүлде қояды, ал енді біреулері оны жарым-жартылап қана орындайды, осыдан барып оқушылардың алған білімінде олқылықтар пайда болады да, сыныпта нашар оқитын оқушылар саны артады. Сабақта бекітілген білім көлеміне тура тәуелділіктегі үй тапсырмасының педагогикалық мақсаттағы көлемі оқу бағдарламасымен көзделген. Үй

тапсырмасы түсінікті, жаңалық элементі бар және дербестігін көрсетуге мүмкіндік ашатындай болуы керек.

Тапсырма тақтада қысқаша белгіленіп, оқушының күнделігіне жазылады, мұғалімнің түсіндіруімен бірге ілеседі. Мұғалім сонымен бірге үй тапсырмасын ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар береді орындалуын үнемі тексереді.

Жұмсалатын уақытты ескере отырып, үй тапсырмасына ұсынылатын көлемдер нақты белгіленген

2-сыныпта 50 минут

3-4 сыныпта 70 минут

5-6 сыныпта 90 минут

7-9 сыныпта 110 минут

10-11 сыныпта 130 минутты құрайды. Үйге жылдам, түсінікті, нақты, қызықты тапсырмалар берулеріңіз керек.

Сіздердің сабақтарыңызға қатыса отырып байқағаным сабақты ұйымдастыру кезінде үй тапсырмасын қайталауға көп уақыт бөлесіздер, үй тапсырмасын бағалаудың қажеті жоқ, тек қалыптастырушы бағалаумен, ауызша бағалау жүргізесіздер.

Сабақ соңында үй тапсырмасына міндетті түрде тоқталыңыздар, себебі оқушы өздігінен үйде тапсырманы орындай алуы керек. Алдағы уақытта осы ұсыныстарды ескере отырып қайта қаралады, сондықтан назарда ұстаңыздар

Ұсыныстар:

- оқушының үй тапсырмаларын орындауын қадағалау
- ата-анамен байланысты нығайту
- Сабақ барысында оқушыны қызықтыратын көрнекіліктер, акт материалдарын пайдалану
- Үй тапсырмасының берілу нормасын сақтау

Үйден оқытылатын баланың оқуын, дамуын бақылау мақсатында жүргізілген жеке дербес бақылау анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 16.01-20.01 күндері аралығында шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерінің дамуын бақылау мақсатында жеке дербес бақылау жүргізілді.

Жоспарға сәйкес 2022-2023 оқу жылында үйден оқыту тағайындалған 6-сынып оқушысы Сулейман Бектас. Туған күні: 03.06.2010 жыл. Мекен жайы: Алакөл ауданы, Ақши ауылы,. Сырт бейнесі: киген киімі өзінің денесіне сай келеді. Дене дамуы өзінің жасына, ортасына сәйкес. Физикалық дамуы жағынан денсаулық жағдайы орташа.

Әкесі Қыпшақбаев Абай, анасы Джамашева Адемау. Толық отбасында тәрбиеленіп келеді. Отбасында 2-ші бала. Ата-анасы баланы қадағалайды, материалдық жағынан толық қамтамасыз етеді.

Дәрігердің қойған диагнозы: Приобретенная апластическая анемия, тяжелая форма

Отбасылық жағдайы жақсы. Бірақ жалдамалы үйде тұрады Мектеп тарапынан көмек көрсетіліп тұрады.Отбасының жағдайын сынып жетекшісі, мектеп басшылығы бақылап отырады.

Оқушыға жыл басында тексеріп, бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша сабақ өтіп жатыр.

Күнтізбелік жоспар негізгі 6 сыныбының пәндерге арналған жоспарынан, жеңілдетілген тақырыптар таңдап алынған. Әр пәннің өтуіне 45 минут уақыт бөлінген. Пән мұғалімдері сабақ кестесі бойынша сабақтарын өткізіп отыр.

Ата-ана тарапынан шағым жоқ.

Оқушының әр сабақтағы көңіл күйі, мінез құлқы, қатысуы туралы күнделік толтырылып отырады.

Үйде оқитын оқушысыда болу керек аталған құжаттар бар. *Қажетті құқықтық құжаттардың үйден оқыту жөніндегі нұсқау ережелері. *Білім бөлімінің бұйрығы. *Білім бағдарламасының сәйкестігі.(оқыту жоспары)

*Мектеп құжаттарын толтыру барысында -ВКК анықтамасы -ІМПК қорытындысы. -Ата-ана өтініші. -Мектепшілік бұйрық. *Сабақ кестесінің мектеп директоры және ата-ана келісімімен бекітілген нұсқасы. *Мұғалімнің дәрежесі, өтілі.

Ағылшын тілі аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша дүйсенбі, сәрсенбі күні. Ағылшын тілі бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілген. Оқушыдар оқу кітабы бар пәнге арналған дәптер және сөздік дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау уақыты жоспармен жүргізіледі.

Бектас ағылшын тілінің әліпбиін толық білмейді, кейбір әріптерден шатасады, бүгін қайталау жұмыстары болса келесі сабақта ұмытып қалуы мүмкін. Кітап жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды дәптерге көшіре алады.Сөздік жұмыстарында көшіріп жаза алады.

Тақырыптық видеоларды көрсетіп қазақ тілінде қойған сұрақтарға жауап береді. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жақсы жауап береді.

Ағылшын тілі бойынша ата-анасы балаға көп көмек бере алмайды, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Берілген суреттерді бояйды, түрлі түсті қарандашпен жұмыс жасай алады. Сабақта көңіл күйі жақсы отырады, сұрағы болса сұрақ қояды. Ынталандырғанды мақтауды жақсы көреді.

Қазақ тілі аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша сейсенбі, бейсенбі күндері, қазақ әдебиеті аптасына 2 рет сабақ кестесі бойынша сәрсенбі, жұма күні. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілген. Оқушыда оқу кітабы бар пәнге

арналған дәптер және көркем жазу дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау уақыты жоспармен жүргізіледі.

Бектас қазақ тілінен әліпбиді толық біледі, бірақ кейбір әріптерден шатасады. Сөздерді буынға бөліп оқығанда қиналады, мәтінді мұғалімнің көмегімен ғана оқиды. Сондықан көбіне аудио арқылы тыңдайды. Өткен тақырыпты ұмытып қалуы мүмкін. Оқулықтағы жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, тапсырмаларды дәптерге көшіре алады. Тақырыпқа қатысты қойған сұрақтарға жауап береді, мысал келтіре алады. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жауап береді.

Пән бойынша ата-анасы балаға көп көмек бермейді, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Көп жағдайда үй тапсырмасын орындамай, келесі сабаққа дайын отырмайды. Дәптерге баспа жазумен жазады. Көркем жазуға қиналады. Көшіріп жазуда, тапсырманы орындауда жай қимылдайды.

Математика пәні сабақ кестесі бойынша аптасына 3 рет, дүйсенбі, сейсенбі, жұма күндері. Оқу жылының басында математика пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар жеңілдетілген бағдарлама бойынша құрылып бекітілді. Оқушының математикадан оқу кітабы бар, пәнге арналған дәптер және оқу тапсырмаларын орындауға арналған дәптері басталған. Ата-анамен байланыс дәптері күнделікті жүргізіледі. Бөлім бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау жоспар бойынша жүргізіліп отыр.

Бектас математика пәнінен көбейту кестесін толық білмейді, сандарды таниды. Қосу, азайту амалдарын орындай алады, бірақ бөлу амалынан қиналады. Бүгінгі өткен тақырыптарды келесі сабақта ұмытып қалуы мүмкін. Кітапта берілген жаттығу жұмыстарын мұғалімнің көмегімен орындайды, дәптерге көшіре алады. Тақырыптық видеоларды көрсетіп, қойған сұрақтарға жауап береді. Өмірмен байланысты сұрақтарға да ойланып жауап бере алады.

Математика пәні бойынша ата-анасы балаға көп көмек бермейді, үй тапсырмасын орындауға қиналады. Берілген суреттерді бояйды, түрлі түсті қарандашпен, фломастермен жұмыс жасай алады. Сабақта көңіл күйі жақсы отырады, сұрағы болса сұрақ қоя алады. Мақтағанды, мадақтауды ұнатады.

Мектеп психологы, Көпесбаева Г.С

Үйден оқитын оқушы – Сулейман Бектас Абайұлы ОПМПК қорытындысы бойынша Пограничная интеллектуальная недостаточность. ОНР -3 уровня. Бектаспен 6-ші сыныптың жетістіктер картасы арқылы диагностика жүргізу барысында оқушы өзі, отбасы туралы толық ақпарат бере алады, бірақ өте баяу ойланады. Қоршаған орта туралы білімі жас ерекшелігіне сай емес. Эмоционалды сөйлеу тілін тексеру барысында Бектастың сөздік қоры аз. ПМПК қорытындысында да сөйлеудің жалпы дамымауының 3-ші деңгейі деп

берілген. Сурет бойынша әңгіме құрастыру барысында барлығын сурет бойынша әңгімелеп беруге тырысты, бірақ күнделікті қолданыстағы сөздер. Жазу дағдысын тексеру барысында әріптерді біледі, берілген мәтінді жақсы көшіріп берді. Бірақ өздігінен әңгіме құрастыруда қиындықтар бар. Оқу бағдарламасы бойынша оқу дағдысына келетін болсам, мәтінді қобалжып оқып берді. Тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айтуда ұзақ ойланады. Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама/тірек сөздерді пайдаланып эссе жаза алмайды. Оқыған сөзінің көп мағынасын өзі түсінбеді. Еркін шығармашылық әңгіме еркін тақырыпта әңгімені ұстаздың көмегімен орындайды. Қарапайым математикалық дағдысыда дұрыс қалыптаспаған.(қосу, азайту) деген. Көбейту, бөлу есебін шығару барысында қиналады, ұзақ ойланады, баяу орындайды. Аз, көп ұғымы қалыптасқан. Қарама – қайшы сөздерді ажыратады. Дауысты, дауыссыз дыбыстар, олардың әріптік таңбаларын ажыратуда кезінде шаттасады. Заттың атын білетін сөздерді түсінеді. Сұрақты аяғына дейін тыңдайды, бірақ сұрақтың мағынасын аса толық түсінбейді. Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізуде ұзақ ойланады. Жалпы оқушының қабылдау қабілеті, оқу бағдарламасын меңгеруде біршама қиындықтар бар екені анықталды.Бектас үйге берілген тапсырмаларды орындамайды, ауызша берілген сұрақтарға жауап бере алмайды. Көбейту кестесін білмейді. Жазу коллиграфиясы нашар, кітаптан берілген тапсырманы көшіріп жаза алады.

Педагог-дефектолог, Есімбекова Т.С Үйден оқитын оқушымен аптасына бір рет санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқушымен бетпе – бет кездесіп оқушыны дамыту бағытындағы жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі. Жоспар оқушының медициналық көрсеткіші мен психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып барынша жеңілдетіліп жасалды. Сабақ өту уақыты 25-35 минут, баланың денсаулығына, көңіл-күйіне байланысты.

Оқушымен білік дағдыларын қалыптастырып, логикалық ойлауға үйрету қадамдары жасалады. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалар құрастырып, оқушымен біріге отырып шешімін табамын.

Оқушының еркі мен арманы, ұсақ моторикасын дамытуға арналған әртүрлі ойындар арқылы, сурет салу, әңгіме құрастыру арқылы жүреді. Әр кездесуде дұрыс ойлану, шешім шығару, сұрақтарға жауап беру, ойды жинақтау әдістерін пайдалана отырып, оқушыны дұрыс, нақты жауап беруге үйретіледі. Қате айтылған жауаптарын түзету,өмірмен байланыстыру, ойының шашыраңқы сөйлемдерін түзету жұмыстары жүргізіледі.

Ұсыныстар:

- оқушының үй тапсырмаларын орындауын қадағалау

- ата-анамен байланысты нығайту
- Сабақ барысында оқушыны қызықтыратын көрнекіліктер, акт материалдарын пайдалану
- Таным процесін дамыту мақсатында жұмыстар жүргізу.
- Сөздік қорын дамыту.

Шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерінің дамуын бақылау мақсатында жүргізілген тақырыптық тексеру анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 24.11-30.11.2022 күндері аралығында шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерінің дамуын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді. бақылау барысында анықталғаны Жеке даму картасы жүргізу барысында шағын орталықтағы тәрбиеленушілердің жас

ерекшеліктері 3 пен 5 жас аралығындағы балалар.

Физикалық қасиеттерді дамытуда 20 тәрбиеленушінің 14-і күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі: кимін өз бетінше киеді жіне шешеді. Спорттық ойындардың элементтерін орындайды: тәрбиешінің көмектесуімен ертеңгілік жаттығуды орындайды. 6 -тәрбиеленуші гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін тәрбиешінің нұсқаулығымен біледі: кимін тәрбиешінің көмегімен киеді және шешеді. Спорттық ойындардың элементтерін тәрбиешінің нұсқаулығымен орындайды. Коммуникативті дағдыларды дамыту 20 тәрбиеленушінің 12-сі суреттер бойынша әңгімелер құрастырып сұрақтарға толық жауап береді. Сөздік қоры дамыған, сөзді толық айтады. 8- тәрбиеленуші сөздік қоры орташа дамыған. Негізгі ойды жеткізе алады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда 20 тәрбиеленушінің 13-і «көп», «бір» ұғымдарды ажыратады. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше заттарды табады, түстерді ажыратады. Саны бойынша заттар тобын құрады. 7- тәрбиеленуші тәрбиешінің нұсқаулығымен қоршаған ортадан бір немесе бірнеше заттарды табады, саны бойынша заттар тобын құрады.

Шығармашылық дағдыларының зерттеру іс әрекетінің дамуы 20 тәрбиеленушінің 15-і сурет салудың, мүсіндеудің, жапсырудың құралдарын қолдана алады. Өз ойын еркін жеткізе алады. Берілген суреттерді таза бояп жапсыру мен мүсіндеу жұмыстарын орындайды. 5-тәрбиеленуші тәрбиешінің көмегімен суреттерді таза бояйды. Өз ойын толық жеткізе алмайды.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыруды дамытуда 20 тәрбиеленушінің 13-і амандасады қоштасады көмектескені үшін бір-біріне алғыс айтады. Отбасы мүшелерімен жақын адамдардың есімдерін атайды. Ойынды

өз бетінше ойнай алады. 7- тәрбиеленуші тәрбиешінің көмегімен амандасады қоштасады. Ойынды өз бетінше ойнай алады, анасы мен әкесінің есімдерін атайды.

Ұсыныс: 1. Шағын орталық тәрбиеленушілерінің есте сақтау қабілеттерін арттыру , жақсарту үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін ойын түрінде түллендіріп өткізу.

2. Тапсырмалар орындауда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру

3. Тәрбиеленушілердің есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін мектеп психологымен бірлесе жұмыс жасау

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасы туралы тақырыптық тексеру анықтамасы

«атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 09.01-16.01.23 күндері аралығында пән мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының сапалы, талапқа сай құрылуын бақылау мақсатында тақырыптық бақылау жүргізілді. Күнделікті пән мұғалімдерінің қмж-ларының талапқа сай жазылуы тексеріліп, кері байланыс берілді

Қысқа мерзімді жоспарлардың құрылу сапасы бойынша пән мұғалімдерінің күнделікті қысқа мерзімді жоспарлары сабақ басталғанға дейін қаралып, түрлі кеңестер беріледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде пәндер бойынша күнделікті қысқа мерзімді жоспар құру кестесіне сәйкес алынады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, оқушыға арнап құрылған күнделікті сабақ жоспарының формасы немесе үлгісі. Яғни, Қысқа мерзімді жоспар – жеке, дербес сабақ жоспары болып табылады.

Мақсат қоя білу, міндеттерді белгілеу, күтілетін нәтиже, модульдерді қолдану, сабақтың барысы, мұғалімнің іс-әрекеті, оқушының іс-әрекеті, бағалау және рефлексия бөлімдері бойынша мұғалімнің жұмысын бағалау ұсынылады. Сабақтың басты міндеті — оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады.

Мектеп мұғалімдерінің сабағына қатысу барысында, біріншіден Қысқа мерзімді жоспарлары қаралады. Жоспардағы оқу мақсаты мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант екенін түсіндіре отырып, оқу мақсаттары оқу бағдарламасы (ҰМЖ) негізінде құрастырылған күнтізбелік-тақырыптық жоспардан алынып, күнделікті сабақта сабақ мақсатын мұғалім өзі шығарады. Сонымен қатар, күнделікті қысқа мерзімді жоспарда ерекше

білім беруді қажет ететін білім алушыларға сабақтың мақсаты көрсетілуі тиіс.

Бақылау барысында анықталғаны,

Көркем еңбек пәні мұғалімі Жанысбаев М- қысқа мерзімді жоспары күнтізбелік –тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Қмж 382 бұйрыққа сәйкес жасалған. Қысқа мерзімді жоспар көптеген түзетулерді қажет етеді. Жаңа тақырып түсіндірілмеген. Тапсырма берілмеген. Топта 5-6 оқушы бар алайда қысқа мерзімді жоспарды 3 топқа бөліп қойған. 5 бала топқа бөліне ма деген сұрақ туындайды. Сабақ жоспарында әдіс-тәсілдер қолданылмаған, пайдаланылған әдістер мақсатқа сай емес.

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Абдельданова А- қысқа мерзімді жоспары 382 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Тапсырмаларға сәйкес критерий , дескрипторлар ұсынылған, бағалау жүйелі жүргізілген.

Асимова Г- қысқа мерзімді жоспары күнтізбелік –тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Тапсырмаларға сәйкес критерий, дескрипторлар ұсынылған.

Орыс тілі пәні мұғалімі Абдельданова Ж- қысқа мерзімді жоспары 382 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Сабақ мақсаты оқу мақсатымен сәйкес келеді. Сабақтың мақсатына жету үшін тапсырмалары толықтыруды қажет етеді.

Даулетханова У - оқу мақсаттары дұрыс емес. Психологиялық ахуал (қол шапалақтау) жас ерекшелігіне сәйкес келмейді. *** белгісі көрсетілген. Ол нені білдіреді??? Бағалауды жүйелі жүргізу керек. Дескриптор ұсынылған алайда қай тапсырмаға берілгені белгісіз.

Бастауыш сынып мұғалімі Сембаева Ж- оқу мақсатына сабақ мақсаты сәйкес келеді. Тапсырмалар сабақ мақсатына сәйкес келеді. Бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақта белсенді әдістер қолданылған бірақ түрлендіруді қажет етеді.

Алтынбекова Н- қысқа мерзімді жоспары 382 ші бұйрыққа сәйкес жасалған. Тапсырмалар нақты сабақ мақсатына сәйкес жасалған. Тапсырмаларға сәйкес критерий , дескрипторлар ұсынылған, бағалау жүйелі жүргізілген.

Козыбаева Ш- Сабақ жоспары талапқа сай жасалған. Мақсатқа сәйкес тапсырмалар ұсынылған. Тапсырмаларға критерий , дескриптор берілген. Бағалау нақты көрсетілген. Алайда сабақ жоспарында ФЦ, МТ белгілері көрсетілген, ол нені білдіретіні белгісіз.

Қазақ тілі пәні бойынша Дарқанова А-сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келеді. Сабақтың барлық кезеңдері орынымен сақталған. Сабақ мақсатына сәйкес тапсырмалар берілген, бағалау жүйелі жүргізілген.

Нурмуханова С- тапсырмалар сабақ мақсатына негізделіп жасалған, бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келеді.

Информатика пәні мұғалімі Байжукенова А- сабақ мақсаты дұрыс емес. Тапсырмалар мақсатқа байланысты емес. Сабақта пайдаланылатын әдістерді

түрлендіру қажет. Сабақта АКТ пайдалану

Салкеева Ш- сабақ мақсаты оқу мақсатына негізделіп жасалған. Тапсырмалар мақсатқа жетуге бағытталған. Бағалау жүйелі жүргізілген. Сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдер қолданылған.

Тарих пәні мұғалімі Ақжолова М- сабақ жоспары талапқа сай құрылған. Белсенді әдістер пайдаланылған және олар сабақ мақсатына жетуде ұтымды алынған. Тапсырмалар нақты және түсінікті ұсынылған

Мұғалімдерге кеңестер беріліп, оқу мақсаттарын сабақ мақсаттарына айналдыра отырып, сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі екені түсіндірілді. Сабақ мақсаты оқушының сабақта не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау не үйренетіндігіне болжау жасайды. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұнда мұғалім ҰМЖ-да оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады. Оқу мақсаттары алдымен сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады. Сабақ мақсатын құруда барлығы, кейбір оқушылар деген сөздерді қолдану, қолданбау мұғалімнің өз еркінде. Себебі, мұғалім мақсатқа жету үшін дескриптор, тапсырманы орындау қадамдарын құрастырса болады. Оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді. Сонымен бірге мұнда саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс деп есептеледі. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруда мынаны негізге алса болады:

- сабақтың тақырыбын анықтау;
- әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары бойынша түрлі жұмыс түрлерін дайындау;
- төрт дағдыны қалыптастыру үшін ұсынылатын оқу материалдарымен ресурстарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу;
- уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
- жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
- сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- оқушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Міне, сабақтың жоспарын осы сұрақтарға жауап беретіндей етіп және сабақ құрудың жоғарыдағы міндеттерін ескере отырып жоспарласақ, нәтижеге жетеміз. Әрине, саралау бойынша оқушыларға қолдау көрсетіп, әр тапсырманы орындау алгоритмін ұсынуға болады. Бұның барлығы мұғалімнің шығармашылығы мен іскерлігіне байланысты болмақ. ҚМЖ - мұғалім айнасы, мұғалім жұмысының көрінісі. Сауатты құрылған ҚМЖ сабақ нәтижесіне жетер жетістіктің іргетасы.

Ұсыныс:

9. Іс-тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысуды қолға алу
10. Сабақ барысында әр түрлі платформаларды пайдалану.
11. Белсенді әдіс-тәсілдерді түрлендіріп пайдалану
12. Оқушылар бойында функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын енгізу.

**Тоқсандық жиынтық бағалау жүргізу сапасын бақылау мақсатында
жүргізілген тақырыптық тексеру
Анықтамасы**

Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, тоқсандық жиынтық бағалауды жүргізуі және талдауына бақылау жүргізілді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес құрастырылады. Жиынтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес балдар қойылатын балл қою кестесі құрастырылады. Мұғалім әр жауапқа қойылған балдардың, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс. Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді меңгергенін, қандайдағдыларды игергеніне қорытынды талдау жасау үшін бақылайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы №193 бұйрығы және /№472 21.10.2021/ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы негізінде БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау кестесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Мектепте 24 пән мұғалімі және 6 бастауыш сынып мұғалімі бөлім, тоқсандық жиынтық бағалау бойынша БЖБ, ТЖБ жүргізеді.

Химия-биология пәні мұғалімі, Амиралинова М.Ж

I-II-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы, тжб өткізу кестесі жинақталған. ТЖБ өткізу уақыты 45 минутқа көрсетілген.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген

- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмысты толықтыру қажет етеді

Математика пәні мұғалімі Салкеева Ш.Р

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсаттарды нақты жазып көрсеткен.

- Қол жеткізген мақсаттар мен қиындық туғызған мақсаттар бар
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі нақты көрсетілген

География пәні мұғалімі Жанысбаева Г.А

II-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы, өткізу кестесі бар, өткізу уақыты - 45 минут көрсетілген. Күнделік кз-тен оқушылардың ТЖБ туралы ақпарат алынған. БЖБ, ТЖБ талдауы бірге жазылған. ТЖБ да қол жеткізген мақсат тоқсандық бойынша жиынтық бағалау спецификациясымен сәйкес келмейді. 5 оқу мақсаты берілгенімен, 4-і көрсетілген. Оқушы жұмысы қарындашпен тексерілген.

Қазақ тілі, Нурмуханова С.Т

Күнделік кз-тен оқушылардың ТЖБ туралы ақпарат алынған. I-II-тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы салынған, ұзақтығы -45 минут, оқылым – 15 жазылым 30 минут көрсетілген.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты жазылған
- Себептері толық анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесін анық, түсінікті жазған.

Ағылшын тілі, Абдельданова А.М

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсаттарды жазып көрсеткен.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

Қазақстан тарихы Ақжолова М.О

ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, яғни әр оқушыны жаза отырып, қиындық тудырған мақсатты нақты жазып көрсеткен. Оның себептерін және шешу жолдарына жұмыс жоспарланған. 2 тоқсан бойынша жиынтық бағалау спецификациясы бар.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған

- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

Орыс тілі, Смагулова А.Р: ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, мақсатты меңгерген оқушыларды көрсете отырып, қиындық тудырған оқу мақсаттарын алған. Пән мұғалімі ТЖБ талдауын толық жазған.

- Қиындық туғызған мақсаттар көрсетілген
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген
- Себептері анықталған
- Жоспарланған жұмыстар тізбесі қиындық туғызған мақсатқа сай алынған.

Орыс тілі, Даулетханова У.Р: ТЖБ нәтижелерін талдауда оқушылардың білім деңгейін, мақсатты меңгерген оқушыларды көрсете отырып, қиындық тудырған оқу мақсаттарын алған.

Тоқсандық жиынтық бағалауда 7 тапсырма берілген, пән мұғалімі оқушылар орындаған әр тапсырмаға жеке балдары анықталмаған, соңында 7 тапсырмадан алған балы қойылған.

- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларды туындаған қиындықтар тізбесі нақты көрсетілген.
- Себептері нақты анықталмаған
- Жоспарланған жұмысты толықтыру қажет етеді.

Кемшіліктер:

- Пән мұғалімінің тапсырмаларды орындауда қиындық тудырған мақсаттарға дұрыс назармауы, /қиындық тудырған мақсатты қайта жаза салу/
- қиындық тудыру себептері не, яғни себептерін нақтыламау
- Жоспарланған жұмыстар тізбесін, оқушылармен қандай түзету жұмыстарын жүргізуді нақты жоспарламау
- Оқушы орындаған тоқсандық жұмыстарда әр тапсырманының орындалғанын тексеріп, бағаламау

Ұсыныстар:

1. Пән мұғалімінің тапсырмаларды орындауда қиындық тудырған мақсаттарға назар аудару
2. Қиындық тудырған себептерін анықтау
3. Жоспарлаған жұмыстар тізбесін нақты көрсету

2021жылдың 8-19 қараша аралығында 5-сыныптың негізгі пәндерінің жүргізілуі және білім сапасын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылаудың анықтамасы

«Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2021жылдың 8-19 қараша аралығында 5-сыныптың негізгі пәндерінің жүргізілуі және білім сапасын бақылау мақсатында өткізілетін тақырыптық бақылау жүргізілді 5 сыныпта барлығы 12 оқушы, 4 ұл, 8 қыз бала . сыныпта 2 оқу озаты бар: Ахметжан Ақниет, Мәсім Айзере. Оқу екпіндісі – 4, Махамадияр Айым, Қанат Аида ,Тлеутай Алишер, Қасымжан Жұлдыз. Сыныптың білім сапасы – 50 %.

Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі жақсы, тәртіп жағынан жақсы. Оқушылар өміріндегі ең күрделі кезеңдердің бірі-бастауыш сыныптан негізгі мектепке өту кезеңі. Біріншіден бастауыш сыныпта бірнеше жыл бойы бір мұғалімнен ғана білім алып қалыптасып қалған оқушыларға бұл кезеңге психологиялық жағынан өту қиындық туғызса, екінші жағынан оқу бағдарламасына жаңа пәндердің енгізілуі де оқушыға әсер етеді. Оқушылар жеке бас ерекшелігі мен даму психологиясына, қабілетіне орай бейімделу процесі әр түрлі жағдайда өтеді, сондықтан ұжым алдында 5 сыныптың орта буынға көшкен кездегі қиындықтарды бірге шешіп, оқушылардың табысты бейімделуін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Бақылау барысында барлық негізгі пәндер бойынша сабақтарға қатысық. Оқу жылының басындағы кіріс бақылау жұмыстарының нәтижелері талқыланды. Негізгі пәндердің дәптерлері, оқушылар жұмыстары , бжб, тжб жұмыстарының талдаулары тексерілді. Оқушылардың күнделікті толтыруы, күнделікті үй тапсырмасын жазуы және оның орындалуы қадағаланды. 5 сыныптаға пәндер бойынша бейімділік деңгейлеріне диагностика жасалды. Мектеп психологы тарапынан оқушылардың мотивация деңгейлерін зерттеу, ойлау процестерінің даму деңгейін зерттеу, есте сақтау деңгейлерін зерттеу шаралары ұйымдастырылды.

Бақылау барысында 12 сабаққа қатысылды. Сабаққа қатысу барысында оқушылардың пәнге қызығушілігі, белсенділігі, үй тапсырмаларын орындауы және мұғалімнің сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдерін қоладнуы, жеке оқушылармен жұмыс жасауы, тапсырмалар беруде оқушылардың жас ерекшелігін ескеруі қадағаланды . оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында көрнекті құралдар, АКТ-мен жұмыс сияқты жұмыстар жүргізу ұсынылды.

Бастауыш сыныпта үздік болған 5 сынып оқушылары математика пәні бойынша бұл жердегі 20 баллды қорғай алмады. Оқушылар жаңа бағдарламаны дұрыс қабылдау үшін математика сабақтарында оқыту әдісін дұрыс таңдау – ең басты мақсаттардың бірі. Пән мұғалімдері сабақтарында сөздік құзыреттілікті дамыту үшін мынадай әдіс-тәсілдерді қолданып, жұмыс жүргізуде: сұрақ-жауап, көрнекілік, кітаппен жұмыс, аудио-бейне тәсілдері, интерактивті әдістерді көптеп түрлендіріп қолдану қажет. Жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, мәселелерді шешуде ұжымдық оқыту технологиясының маңызы зор. Бұл дәстүрлі әдістерге қарағанда оқушылардың білімге қызығушылығын арттыруда үлкен септігін тигізеді, алайда 5 сынып оқушылары өз ойларын айқын айтуға үйренбеген, топтық, ұжымдық жұмыс жүргізуге дағдыландыру қажет. Кездесетін қиындықтар негізінен: оқушылардың өз ойларын тез, жүйелі ауызша-жазбаша жеткізуге дағдыланбауы, оқулықта жоспардағы кейбір тақырыптардың бағдарламаға сәйкес келмеуі деп түсіндірді.

**Пәндер бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық
жоспарлауды тексеру қорытындылары жөніндегі**

АНЫҚТАМА

Мақсаты: пәндер бойынша күнтізбелік жоспарлаудың Мемлекеттік стандарт пен бекітілген бағдарламаларға сәйкестігін тексеру.

Мектепішілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 2023-2024 оқу жылының басталуын ұйымдастыру мақсатында 2023 жылғы 4 қыркүйек пен 8 қыркүйек аралығында пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға тексеру жүргізілді.

Бұған дейін пән мұғалімдеріне күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ұсыныстар берілген. Күнтізбелік –тақырыптық жоспарды жоспарлау кезінде төмендегі нормативтік құжаттарды негізге алу керек:

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы».

Әдістемелік нұсқау хат;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы **№ 348** бұйрығы, 23.09.2022 ж. **№ 406** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. **№ 365** /5-9-сыныптар/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж. **№ 264** /10-11ЖМБ, 10-ҚБ төмендетілген/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж. **№ 412** /11ҚБ үлгілік/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. **№399** бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. **№ 199** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. **№ 125** бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. **№96** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. **№ 130** бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. **№68** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж **№ 216** бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. **№140** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу ағарту министрінің 03.07.2023 ж. **№ 194** бұйрығымен)

Алайда, тақырыптық – күнтізбелік жоспарлау жасауда түсінік хатта нормативтік-құқықтық құжаттарды дұрыс алынбағаны, оқу бағдарламасынан көшіріп алғандары, сабақ реттілігінің дұрыс қойылмауы, ТЖБ соңғы күнге қойылуы. Бжб мақсаттарының дұрыс қойылмауы , сағат сандарының жетіспеушілігі т.б. кемшіліктерге жол берілгені анықталып, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетілді.

Барлық пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау МЖМББС-2023 мемлекеттік стандарты жұмыс бағдарламаларына сәйкес әзірленген және мектептің 2023-2024 оқу жылы жоспарында белгіленген сағаттар санына есептеліп жасалған.

Технология пәні мұғалімі М.А Жанысбаев, тарих пәні мұғалімі Мамырбаева Б, география пәні мұғалімі Нугуманов Е күнтізбелік жоспарын кешіктіруде, күнтізбелік жоспар жасау ісін жалғастыруда. Денешынықтыру мұғалімдері күнтізбелік жоспар жасау кезінде қолда бар жабдықтардың мүмкіндіктерін ескермеген.

Ұсыныстар:

- Аталған мұғалімдер 3 жұмыс күні ішінде қалдырмай күнтізбелік жоспарын тапсырсын;
- Денешынықтыру жөніндегі әдістемелік бірлестік жетекшісі Б.Амантаевұв мұғалімдердің күнтізбелік жоспарлары спорт жабдықтарының мүмкіндіктеріне сәйкес өзгертілуін және түзетулер ендірілуін қамтамасыз етсін. Күнтізбелік жоспарлар 10 қыркүйекке дейін тапсырылсын.
- Пәндер бойынша әр тоқсандағы сағат сандары, күн реттілігінің дұрыс қойылуын назарда ұстау.

Оқу жұмыс жоспарының Үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін тексеру туралы

АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылында мектепте білім беру процесін іске асыру кезінде келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылуда:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы **№ 348** бұйрығы, 23.09.2022 ж. **№ 406** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. **№399** бұйрығы 21.11.2022 ж. **№ 467**, 05.07.2023 ж. **№ 199** бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. **№ 500** бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. **№ 365** /5-9-сыныптар/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен; /6-қосымша/

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. **№ 500** бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. **№ 365** /5-9-сыныптар/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен; /55-қосымша үйден оқыту/

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. **№ 500**

бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж. № 264 /10-11ЖМБ, 10-ҚГБ төмендетілген/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен; /1-4 қосымшасы/

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж. № 412 /11ҚГБ үлгілік/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

Пәндер бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды тексеру қорытындылары жөніндегі
АНЫҚТАМА

Мақсаты: пәндер бойынша күнтізбелік жоспарлаудың Мемлекеттік стандарт пен бекітілген бағдарламаларға сәйкестігін тексеру.

Мектепішілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 2023-2024 оқу жылының басталуын ұйымдастыру мақсатында 2023 жылғы 4 қыркүйек пен 8 қыркүйек аралығында пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға тексеру жүргізілді.

Бұған дейін пән мұғалімдеріне күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ұсыныстар берілген. Күнтізбелік –тақырыптық жоспарды жоспарлау кезінде төмендегі нормативтік құжаттарды негізге алу керек:

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 /5-9-сыныптар/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023ж. № 264 /10-11ЖМБ, 10-ҚГБ төмендетілген/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022ж. № 412 /11ҚГБ үлгілік/ бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а.

22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)

Алайда, тақырыптық – күнтізбелік жоспарлау жасауда түсінік хатта нормативтік-құқықтық құжаттарды дұрыс алынбағаны, оқу бағдарламасынан көшіріп алғандары, сабақ реттілігінің дұрыс қойылмауы, ТЖБ соңғы күнге қойылуы. Бжб мақсаттарының дұрыс қойылмауы , сағат сандарының жетіспеушілігі т.б. кемшіліктерге жол берілгені анықталып, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетілді.

Барлық пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау МЖМББС-2023 мемлекеттік стандарты жұмыс бағдарламаларына сәйкес әзірленген және мектептің 2023-2024 оқу жылы жоспарында белгіленген сағаттар санына есептеліп жасалған.

Технология пәні мұғалімі М.А Жанысбаев, тарих пәні мұғалімі Мамырбаева Б, география пәні мұғалімі Нугуманов Е күнтізбелік жоспарын кешіктіруде, күнтізбелік жоспар жасау ісін жалғастыруда. Денешынықтыру мұғалімдері күнтізбелік жоспар жасау кезінде қолда бар жабдықтардың мүмкіндіктерін ескермеген.

Ұсыныстар:

Аталған мұғалімдер 3 жұмыс күні ішінде қалдырмай күнтізбелік жоспарын тапсырсын; Денешынықтыру жөніндегі әдістемелік бірлестік жетекшісі Б.Амантаевұв мұғалімдердің күнтізбелік жоспарлары спорт жабдықтарының мүмкіндіктеріне сәйкес өзгертілуін және түзетулер ендірілуін қамтамасыз етсін. Күнтізбелік жоспарлар 10 қыркүйекке дейін тапсырылсын. Пәндер бойынша әр тоқсандағы сағат сандары, күн реттілігінің дұрыс қойылуын назарда ұстау.